

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Балалар музыка мектептері және балалар өнер  
мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған  
«Эстрадный вокал» пәні бойынша  
білім беру бағдарламасы**

**Образовательная программа  
по предмету «Эстрадный вокал»  
для детских музыкальных школ и музыкальных  
отделений детских школ искусств**

**Астана - 2015**

Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған «Эстрадный вокал» пәні бойынша білім беру бағдарламасы – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2015. – 123 б.

Образовательная программа по предмету «Эстрадный вокал» для детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» – Астана, 2015 год, - 123 с.

Құрастырушы-авторлар:

Аргингазина Г.Б., Қазақ ұлттық өнер университетінің вокалдық өнер және хорлық дирижирлеу кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторанты.

Жилкибаева А.Ш., Астана қаласы № 1 Балалар музыка мектебінің педагогі.

Авторы-составители:

Аргингазина Г.Б., магистр педагогических наук, докторант PhD, доцент кафедры вокального искусства и хорового дирижирования Казахского национального университета искусств.

Жилкибаева А.Ш., педагог Детской музыкальной школы № 1 г. Астана.

Рецензенттер:

Дәулетбақ М.Т., Қазақ ұлттық өнер университетінің «Эстрада өнері» кафедрасының меңгерушісі, профессор.

Сметова А.А., Қазақ ұлттық өнер университетінің вокалдық өнер және хорлық дирижирлеу кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Маймакова Л.К., Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкалық білім беру кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Рецензенты:

Дәулетбақ М.Т., профессор, заведующий кафедрой «Искусство эстрады» Казахского национального университета искусств.

Сметова А.А., кандидат педагогических наук, доцент кафедры вокального искусства и хорового дирижирования Казахского национального университета искусств.

Маймакова Л.К., кандидат педагогических наук, доцент кафедры музыкального образования Казахского национального университета искусств.

*ҚРБЖҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған  
(18 желтоқсан 2015 жыл №4 хаттама)  
Рекомендовано Учебно-методическим советом  
Республиканского учебно-методического центра  
дополнительного образования МОН РК  
(протокол от 18 декабря 2015 года № 4)*

©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2015  
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2015

## Мазмұны

1.	Түсініктемелік хат	4
2.	Білім беру бағдарламасын іске асыру шарттары	8
3.	Балалар музыка мектептерінің үлгілік оқу жоспары	10
4.	Оқу пәнінің мазмұны	11
5.	Білім алушылардың бағдарламаны игеруінен кейінгі күтілетін нәтижелер	22
6.	Болжалды бағдарламалық талаптар	22
7.	Болжалды репертуарлық тізім	23
8.	Білім алушылардың бағдарламаны игеру нәтижелерін бақылау түрлері және бағалау өлшемдері	46
9.	Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету	51
10.	Ұсынылатын әдебиеттер	60

## Содержание

1.	Пояснительная записка	65
2.	Условия реализации программы	69
3.	Типовой учебный план детской музыкальной школы	71
4.	Содержание учебного предмета	72
5.	Ожидаемые результаты освоения обучающимися программы	82
6.	Примерные программные требования	83
7.	Примерные репертуарные списки	84
8.	Виды контроля и критерии оценок результатов освоения обучающимися программы	108
9.	Методическое обеспечение учебного процесса	112
10.	Рекомендуемая литература	122

## Түсініктемелік хат

Ән айту адамдардың барынша жалпыға қол жетімді көркемөнер қызметтерінің бірі болып табылады. Ән айту өнері қуатты көркемдік құралына ие және тыңдаушыларға өте жоғары эстетикалық ләззат беру мүмкіндігі бар. Осымен бірге ән айту өскелең ұрпақтың музыкалық және жалпы рухани мәдениетін, азаматтық ой-санасының қалыптасуын, эстетикалық ой-өрісінің және көркемөнерлік талғамын, балаларға музыкалық білім беру және тәрбие берудің құрамдас бөлігі және негізін арттыратын маңызды құрал болып табылады.

Эстрадалық ән айту, көркемөнер мәдениетінің бөлек бір құбылысы бола отырып, заманауи музыка әлемінде ерекше орын алады және балаларда өте үлкен қызығушылық тудырады. Бұл жанрдың табыстылығы тыңдаушылардың кең қауымына қолжетімділігі, бейнелердің мәнерлілігі, қарапайымдылық, көркемдік айқындылық, эстрадалық нөмірлердің жинақылығы және ықшамдылығы, көрермендердің жағымды эмоциялық тонусын қалыптастыру және бекітуге мүмкіндік бере алатындығында. Эстрадалық ән айту өзінің синкретизмдік күшіне қарай, оқушылардың музыкалық-орындаушылық, хореографиялық, әртістік мүмкіндіктерін ашу үшін болашақта мол мүмкіндіктер бере отырып, эстетикалық қабылдау белсенділігін, шығармашылық қиялын, эмоционалдық әсерленушіліктерін қалыптастырады, оқушыларды сан алуан музыкалық-шығармашылық қызметке тарту үшін жағдай жасайды.

Заманауи музыкалық өнер атрибуты ретінде өзінің жағымды қырларымен эстрадалық музыкалық мәдениет компьютерлік технологияның, жаңа музыкалық-сандық технология, дыбыс жазатын құрылғылар өнертабыстарының («караоке», «дауыс минусы» фонограммасы, микрофондар және т.б.) жылдам дамуына сүйене отырып ән айтуға оқыту үшін шектеусіз кең мүмкіндіктер береді және музыкада ойнаудың мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді.

Вокалдық эстрада қазіргі кезеңде музыкалық шығармашылықтың барынша бұқаралық түрі және білім беру ұйымдарындағы сыныптан тыс қызметтерде алдыңғы тұғырды алып тұр. Сонымен қатар эстрадалық ән айтуға оқыту білім алушылардың әлем, қоғам мен адамдар туралы түсініктерін кеңейтіп, баланың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді, өзін-өзі танудың күрделі және бір мағыналы емес үдерісінде көмек беріп, өзін-өзі тануға, өзін тұлға ретінде жүзеге асыруға, оның қарым-қатынастық мүмкіндіктерін дамытады, өмірлік өзінің орнын табуға жәрдемдеседі.

«Эстрадалық вокал» пәні бойынша білім беру бағдарламасы балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне (оқыту мерзімі 5-7 жылдық) арналған. Білім беру

бағдарламасы «Вокалдық сынып (ән айту)» мамандықтары бойынша музыкалық мектептер, балалар көркемөнер мектептері және балалардың өнер мектептерінің Үлгілік оқу жоспары мен білім беру бағдарламасының негізінде құрастырылған.

«Эстрадалық вокал» білім беру бағдарламасы білім алушының тұлғасын кешенді дамытуға, ән айту қызметтері білігін қалыптастыруға, арнайы вокалдық дағдыларын жетілдіруге, әншілік дауыс қасиеттерінің негізгі дауыс аппараттар қызметін түзетуге және есту қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты:

білім алушылардың рухани және музыкалық дамуы, балаларды әлемдік музыкалық мәдениет негіздеріне тарту, қызығушылықтарын ояту, орындаушылық шеберлік негіздерін практикалық меңгеру арқылы білім алушылардың шығармашылық дамыту, вокалдық-орындаушылық дағды мен шеберліктерін қалыптастыру.

*Дидактикалық міндеттері:*

әншілік өнер туралы тұтас, тарихи дамып отыратын құбылыс ретінде ұғым қалыптастыру;

жалпы және музыкалық мәдениетін кеңейту, қазақстандық және әлемдік эстрадалық және көпшіліктік музыканың ең үздік үлгілеріне танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру, сан алуан стиль, жанр, орындаушылық мектептерінің туындыларын игеру үдерісінде ассоциациялық ойлауларын дамыту, білім алушылардың көркемөнер-эстетикалық талғамын жетілдіру.

*Көркемдік-орындаушылық міндеттері:*

сан алуан эстрадалық, бұқаралық музыкаға тән вокалдық техниканы, арнайы тәсілдерді меңгеруді қамтамасыз ететін білім, дағды, шеберліктерін қалыптастыру, музыкалық мүмкіндіктерін дамыту;

туындылардың көркемдік түпкі ойларын ашу мен жүзеге асыру үшін музыкалық-көркемдік құралдар мен вокалдық-техникалық, орындаушылық шеберліктерінің бірлігіне қол жеткізу дағдыларын, іскерліктерін қалыптастыру;

вокалдық репертуармен өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, өз ойын білдіру және өзін-өзі дамытуды жалғастыру сұранысын дамыту;

орындаушы ретіндегі болашақ әншілік қызметіне арналған вокалдық-педагогикалық репертуарын байыту;

сахналық мәдениетке тәрбиелеу.

*Тәрбиелік міндеттері:*

алдына қойған мақсатқа жету үшін еңбекқорлық, мақсаттылық және қажырлылық, табандылыққа тәрбиелеу;

өзін-өзі ұйымдастыра алу және өзін бақылай алу дағдыларын, зейін қою, есту қабілетін, ойлау қабілетін, жадын жинақтау шеберлігін тәрбиелеу;

адамгершілік гуманистік өмір нормалары мен мінез-құлықтарын игеру;

әртүрлі ұлттық дәстүрлер, стильдер, дәуірлердің музыкалық өнерлері арқылы мәдени төзімділікке тәрбиелеу.

Білім беру бағдарламасының әдіснамалық негізі вокалдық әдістеменің негізін қалаған теоретиктер мен практиктердің зерттеулері (О.А. Апраксина, В.А. Багадуров, Л.Б. Дмитриев, А. Г. Менабени, В.П. Морозов, П.А. Органов, С.Н. Ржевкин, Е.А. Рудаков, Г.П. Стулова, И.К. Назаренко, В.Л. Чаплин, С.П. Юдин, Р. Юссон, В.И. Юшманов, И.Я. Яковлева); оқушылардың вокалдық-техникалық дамуына және эстрадалық ән айтудағы орындаушылық шеберліктерін қалыптастыруға арналған еңбектер (Е.Ю. Белоброва, Л.С. Зорилова, В.Ф. Иванников, И. Исаева, О.Я. Клипп, В.Г. Кузнецов, Л.М. Коваль, А. Пекхам, С. Риггс, Л.В. Романова, Е.Л. Рыбакова, О. Степурко, И.В. Сахнова, Д.В. Харичева, О. Ховард, Э. Ховард); бала дауысын сақтаға, денсаулықты сақтаушы технологияларға арналған еңбектер (А.Ф. Гребнев., И.И. Левидов, Е.М. Малинина, В.В. Емельянов, М.Щетинин, А.Н. Стрельникова, Золотарева Э. Я.) болып табылады.

«Эстрадалық вокал» білім беру бағдарламасының мазмұны *мазмұнын қалыптастырудың жалпы әдіснамалық қағидаттары*, сондай-ақ, *өнер саласындағы мазмұнды қалыптастырудың арнайы қағидаттары* ретінде, айқындалады.

Білім беру бағдарламасы оқу материалының білім берушілік, жүйені құрушылық және дамытушылық сипатында, білім беру мазмұнының азаматтық және гуманистік бағытына, құрылымдық бірлігінің жүйелілік және бірізділігі, оқытудың бірлескен мазмұндық және процессуалдық қырларына, күш жетерлік қиыншылық, білім беру мазмұнының қоғам, мәдениет және тұлғаның даму талаптарына сәйкестігі сияқты *жалпы әдіснамалық қағидаттарына* негізделген.

«Эстрадалық вокал» білім беру бағдарламасы «өнер» білім беру саласының пәні ретінде мазмұнды қалыптастырудың: идеялық мазмұны мен көркемөнерлік нысанасының бірлігі, тұлғаның көркемдік және техникалық, эмоционалдық және саналық, үйлесімді мәдени дамуына, балалардың жас және психофизиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшелігін есепке алуы *арнайы қағидаттарына* сүйенеді.

Білім беру бағдарламасының мазмұны қазақ халқының әншілік мәдениеті мен қазіргі кездегі қазақстандық әншілік мәдениетке, әлемдік көпшіліктік эстрадалық музыка туындылары мен әлем елдерінің әншілік шығармашылығына негізделген. Бағдарлама педагогикалық шығармашылыққа, оның ішінде ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

аясына, сонымен қатар оқу-педагогикалық репертуарлар саласына бағдарланған.

Білім беру бағдарламасындағы оқу материалдары шартты түрде бөлінген. Педагог білім алушылардың дайындық деңгейіне қарай вокалдық техниканы меңгеру бірізділігі, оның жеке вокалдық қабілеттері мен кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті уақытты анықтайды.

Білім беру бағдарламасы білім алушының жеке білім алу болашағын саралау, гуманизациялау және қалыптастыру, тұлғаға бағдарланған оқыту, дамытушылық мәселелерін шешуге арналған дәстүрлі, сонымен қатар инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануды көздейді.

«Эстрадалық вокал» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес әр сыныпта аптасына 2 сағаттан құрастылған. Сабақ түрлері – 45 минуттан жеке сабақтар. Жеке сабақ түрлері вокалдық өнер құралдары арқылы әрбір білім алушының шығармашылық даралығын, оқыту үдерісінде балалардың музыкалық қабілетін, музыкалық-теориялық даярлығын, психологиялық-физиологиялық және жас ерекшеліктерінің деңгейін есепке алатын сараланған тәсілді қолдануға мүмкіндік береді.

Оқыту мерзімі: 5-7 жыл.

Білім беру бағдарламасын меңгеру мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

*Білім алушылардың білімі мен дағдыларына қойылатын талаптар*

Бағдарламалық материалдарды игеру нәтижесінде оқушылар:

негізгі ұғымдар мен терминологияларды білуі, орындайтын шығармалардың стильдері мен бағыттарына бағдарлануы;  
адамның әншілік қызметінің психофизиологиялық үдерісі туралы ұғымы, дауыс аппаратының анатомиясы, оның ән айту кезіндегі жұмысы туралы жалпы мағлұматы болуы тиіс;

музыкалық және вокалдық есту қабілетін дамыту, жалпы және музыкалық ой-өрісін кеңейту;

мынадай вокалдық-техникалық және музыкалық-орындаушылық дағдыларын: әншілік тыныс алуын, дыбыстық сүйеу, резонаторлардың үйлестірілген жұмысы, дұрыс дыбысқұрау және дыбысты жүргізудің түрлері (legato, non legato, staccato және т.б.) ұйымдастыру; дауыстың сапалы естілуін жетілдіру (тембр, жоғары дыбыстық және серпінді диапазон, вокалдық интонациялау, дауыстық қозғалысы, дұрыс әншілік артикуляция және мақамның (дикция) анықтығы), эмоционалдық-көркемдік көрнекілік, шығарманың дәлелді түсіндірілуі;

дауысты қоюдың теориялық дағдыларын және вокалдық дағдыларды практикалық тәрбиелеу әдістемелік тәсілдерін игеру;  
орындаушылық қызметке қажетті вокалдық репертуармен танысу;  
концертмейстердің, а саррелла, фонограммамен сүйемелдеудің жеке және ансамблдік орындау дағдыларын меңгеру;  
микрофон, аудио және дыбыстық аппаратура, фонограмма, компьютермен жұмыс дағдыларын меңгеру;  
«Эстрадалық вокал» пәнін зерделеу «Сольфеджио», «Хор», «Әлемдік музыкалық әдебиет», «Қазақ музыкалық әдебиеті», «Музыкалық аспап» пәндерін практикалық жағынан игерумен тығыз байланыста іске асырылады.

### **Білім беру бағдарламасын іске асыру шарттары**

«Эстрадалық вокал» пәні бойынша білім беру бағдарламасы балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған (5-7 жылдық оқу мерзімімен).

Қазіргі кезеңде аталған өнер бағытын дамыту сұранысына жауап бере алатын, сапалы даярлықты қамтамасыз ету мақсатында «Эстрадалық вокал» жұмыс жоспарларына «таңдау бойынша пән» сағаттарының есебінен «Хореография» және «актерлік шеберлік» және т.б. пәндерін оқытқан жөн. Аталған пәндерді енгізу қажеттілігі жанрдың ерекшелігімен түсіндіріледі.

Заманауи әншілік эстрада көрермендерге әсер етудің визуалдық би, пантомима, акробатика, гимнастика түрлерімен толықтыруға белсенді жүгінуде. Вокалдық эстрадалық шығарманың көркемдік бейнесі өнердің түрлі құралдарының сан алуан түрлерімен, оның ішінде ең бастысы – орындаушының дауысы мен пластикасымен құрылады.

Эстрадалық әншінің басқа сахналық өнер жанрларынан жұмыс ерекшелігі шығарманың көркемдік бейнесін нақты түрде көрсету үдерісінде вокалдық орындау мен қозғалыстың бір уақытта жүруінде. Пластика әншінің музыкалық шығарманы орындау кезінде алатын эмоционалдық күйінің салдары болып табылады, және осы мағынада ол авторлардың ойын жеткізеді. Концерттік нөмірдің драматургиясының дамуында сахналық би элементтерін қоса алғанда орындаушы музыкалық шығарманың вокалдық-хореографиялық бейнесін құрушы болады.

Хореографиялық өнердің шартты арнайы тілі, оқушының оқу үдерісінде меңгерген би элементтері кешенін пайдалануы, оның кәсібиліктің негізгі элементтері ретіндегі пластикалық көрнекілігі мүмкіндіктерін кеңейтеді. Эстрадалық вокалистер концерттік сахнадағы орындауларында заманауи билерді, модерн-би, джаз-биін, рок және поп би пластикаларын кеңінен қолданады. Хореографиямен

айналысу вокалистің кәсіби негізде пластикалық мәдениетін қалыптастыру міндеттерін шешуге арналған, сондай-ақ, эстрадалық нөмірлерді дайындауда тек хореографиялық шеберліктерін меңгеруге ғана емес, сонымен қатар тұтастай алғанда, эстрадалық вокалдық шығармадағы көркем бейнені құруға енгізу қажеттілігін көздейді.

Қазіргі замандағы орындаушы концерттік нөмірді орындауда үнемі актерлық ойын, музыка, сөз, қозғалыс және сапалы орындау синтезінде, сондай-ақ, әнші актерлық қабілеттеріне ие бола отырып және оны шебер орындауға тығыз байланыста жүзеге асырылады. «Актерлік шеберлік» пәні бойынша сабақтар музыкалық шығармадағы бейнені сомдауда сахналық мінез-құлық негіздерін үйренуге, әртістік қабілеттерін дамытуға, актерлік шеберлік элементтерін меңгеруге, музыкалық шығарманы актерлік жағынан түсінуге және театр өнері негіздерін игеруге мүмкіндіктер береді.

Эстрадалық орындаушының міндеті – ән айту мәнерінің даралылығын іздеу, дауыс тембрі, күші, шыдамдылығын, қайталанбас сахналық бейнесін қалыптастыру. Эстрадалық ән айтуда дикция сапасына, орфоэпия заңын білу мен бағынуына, айтылған сөзінің ойшылдығы, көркемділігі, эмоциялық жағынан толыққанды болуына ерекше талаптар қойылады, өйткені, поэтикалық мәтін әннің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Мұнда сөз сөйлеу мәдениеті, сөз сөйлеу тренингтері бойынша сабақтар өте көп көмек көрсетеді. Осы сабақтарда сөз сөйлеу аппаратын жаттықтыру және нығайту, сөз сөйлеу мәнерін қою, тыныс алу, артикуляция, дыбыс шығарумен жұмыс, дауыс көркемділігі мен оралымдылығын дамытумен жұмыстар жасалады.

«Эстрадалық вокал» пәнінің бағдарламасын іске асыру төмендегідей оқытудың материалдық-техникалық құралдырының болуын қарастырады:

- Вокалдан жеке сабақтар өткізу үшін жабдықталған оқу кабинеті;
- Концерттікзал (сахна);
- Музыкалық аспаптар (фортепиано, синтезатор және т.б.);
- Дыбыстық аппаратуралар кешені(күшейткіш, пульт, колонкалар, CDкүйтабақ ойнатқышы жәнетасымалдаушы флэш);
- микрофондар;
- компьютер,бағдарламалық қамтамасыз ету;
- музыкалық орталық, магнитофон;
- «+» және«-» режиміндегі фонограммаларды жазу;
- оқу-әдістемелік, ноталық, дидактикалық материал, фонотека;
- аудио-, бейнежазба, CD, MP3форматында;
- бейнекамера, фотоаппарат;
- концерттік, өнер көрсету жазбалары;
- айна, тақта, нота үшін пульт.

Мектептің материалдық-техникалық базасы санитарлық және өртке қарсы талаптарға, еңбекті қорғау тәртіптеріне сай болуы тиіс.

Балалар музыка мектептерінің үлгілік оқу жоспары  
(өнер мектептерінің музыкалық бөлімдері)

№	Пән	Сыныптар бойынша апталық оқу жүктемесі										Емтихан ндар
		Вокалдық сынып (ән айту) Оқу мерзімі: 5-7 жыл										
		дайындық	1	2	3	4	5	6	7	8	9	сыныптар
1.	Арнайы сынып(вокалдық ән айту: академиялық вокал, эстрадалық вокал)	2	2	2	2	2	2	2	2	-	-	5,6,7
2.	Сольфеджио	1	2	2	2	2	2	2	2	-	-	5
3.	Ұжымдық музыкада ойнау (хор, ансамбль және т.б.)	-	1	1	3	3	3	3	3	-	-	
4.	Қазақ музыкалықәдебиеті	-	-	-	1	1	1	-	-	-	-	
5.	Әлемдік музыкалық әдебиет	-	-	1	1	1	1	-	-	-	-	
6.	Музыкальный инструмент	-	1	1	1	1	1	1	1	-	-	
7.	Таңдауы бойынша пән (хореография және актерлық шеберлік және т.б.)	1	1	1	1	1	1	1	1	-	-	
	Барлық сағат	4	7	8	11	11	11	9	9	-	-	

Оқу жоспарындағы пәндерді оқытудың ұйымдастырушылық түрлері: пәндер бойынша жеке сабақтар: арнайы сынып (вокалдық ән айту: академиялық вокал, эстрадалық вокал), музыкалық аспап, таңдау бойынша пән (хореография және актерлық шеберлік және т.б.). Хореография және актерлық шеберлік пәндері бойынша сабақтар аптасына 0,5 академиялық сағат бойынша жүргізіледі, музыкалық мектепте оқыту 1-ші сыныптан бастап.

Пән бойынша топтық сабақтар: сольфеджио, қазақ музыкалық әдебиеті, әлемдік музыкалық әдебиет, ұжымдық музыкада ойнау.

Дайындық бөлімінде жеке сабақтар: арнайы сынып (вокалдық ән айту: академиялық вокал, эстрадалық вокал) пәндері, таңдауы бойынша пән (дұрысы – музыкалық аспапта). Сольфеджио бойынша топтық сабақтар.

### Оқу пәнінің мазмұны Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тараулар мен тақырыптар	Сыныптар бойынша сағаттар саны							
		дайындық	1	2	3	4	5	6	7
1.	Дауысты қою. Әншілік ұстаным. Әншілік дауыстың негізгі қасиеттері	1	1	1	1	1	1	1	1
2.	Дауыс аппаратын құру, дауыс құру үдерісі	2	2	2	2	2	2	2	2
3.	Вокалдық дағдылар. Тыныс алумен жұмыс (тыныс алу туралы түсінік, тыныс алу гимнастикасы)	3	3	3	3	3	3	3	3
4.	Сөзде және ән айтуда артикуляция қағидаттары (артикуляциялық аппаратты дамыту үшін сөз сөйлеу және вокалдық жаттығулар)	5	5	5	5	5	5	5	5
5.	Дыбыстармен	5	5	5	5	5	5	5	5

	жұмыс (ән айтуда дауысты және дауыссыз дыбыстарды қалыптастыру, дыбысты жүргізу сипаты, ән дыбыс шабуылы, дыбыстың жоғары тұғыры)								
6.	Әншілік дауысты жіктеу және әншілік дауыс күші дәрежесі(бас және төс дауыс күші дәрежесін дамытуға жаттығулар есебінен әншілік диапазонды кеңейту)	5	5	5	5	5	5	5	5
7.	Есту қабілеті мен дауыс арасындағы түзетулер (интонация тазалығы, Әншілік дұрыс тұғырды орнатуға жаттығулар)	5	5	5	5	5	5	5	5
8.	Дауыс ақаулары және оларды жою (тамақ және мұрын қосымша дауыс құбылысы (призвуки), дыбысты күшейте шығару, ақауларды жоюға арналған жаттығулар)	2	2	2	2	2	2	2	2
9.	Вокалдық репертуардың көркемдік-орындаушылық жақтарымен жұмыс	5	5	5	5	5	5	5	5

10.	Жаттығулар мен вокализдермен жұмыс	5	5	5	5	5	5	5	5
11.	Халық әндерімен жұмыс	10	10	10	10	10	10	10	10
12.	Эстрадалық шығармалармен жұмыс	20	20	20	20	20	20	20	20
	Барлығы:	68	68	68	68	68	68	68	68

Тарау және 1 тақырып  
Дауысты қою.

Әншілік нұсқаулық.

Әншілік дауыстың негізгі қасиеттері

*Дауысты қою* – білім алушыларға дұрыс үн шығаруға мүмкіндік беретін дауыс аппаратының рефлекторлық қозғалысына дағдыландыруға әкелудің ән айтуға оқытудағы жеке үдерісі. Дұрыс қойылған дауыс ұғымы оның барлық диапазондағы түзулігін, жатықтығына (регистрлердің тегістігі), үнділік, дауысты дыбыстардың бүркемеленгендігі, тембрдің әсемдігі, икемділігіне саяды. Жақсы қойылған дауыс үндегі әншілік форманттың болуымен сипатталады.

*Әншілік ұстаным (певческая установка)* – әншінің фонация (дыбыс шығару) алдында қоятын қалыбы. Білім алушының санасында және жүйке-бұлшық ет түйсінуінде тұла бойын, ауыз-тамақ қуысын және барлық дауыс аппаратын табиғи, жайлы және нәтижелі бастапқы қалпына қоя білуін бекіту. Тұрып тұрғандағы әншілік ұстаным: денесін тік жинақы күйде ұстауы, екі аяғына тең тұруы. Қолдары екі жағына еркін орналасқан немесе көкірек тұсына немесе арқасына қарай қолдың білезік бөлігі айқастырыла орналастырылған, кеудесі жазық, иықтары болмашы артқа жіберілген, басын тік, күш түсірілмей тұру. Отыру қалпында да дене мен бастың орналасу қалпы сақталынады, аяқтары тік бұрышта орналасқан. Білім алушыға қажет кезде әншілік тұрықты ұстай білуге үйрету маңызды, өйткені ол дұрыс әншілік дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

*Әншілік дауыстың негізгі қасиеттері.* Дыбыстық диапазон. Тесситура. Примарлық тондар. Жоғары және төмен әншілік форманттар. Дауыс (үдемелілік) күші. Дауыс тембрі (дауыс сыңырлығы, жарқындығы, көлемі, тығыздығы және жалпы бояуы). Дауыс шарықтауы. Дыбыс тұғырының жоғарылығы. Әншілік вибрато.

*Негізгі вокалдық дағдылар* – дыбыс құрау, әншілік тыныс алу, есту қабілеті дағдылары, артикуляция, эмоциялық көнекілік дағдылары.

Тарау және 2 тақырып. Дауыс аппаратының құрылысы,  
дауыс құрушы үдеріс

Дауыс аппараты – дауыс пен әндік сөз құруға қатысушы органдар жүйесі.

*Тыныс алу органдары* – тыныс алу үдерісін жүзеге асырушы өкпе, тыныс алу жолдары. Тыныс алу жүйесінің қызметтері – газ алмасудың жүзеге асуы. Тыныс алу жүйесі органдары: мұрын қуысы, жұтқыншақ, көмей, кеңірдек, өкпе, диафрагма.

*Дыбысты қалыптастыру органдары* – резонаторлар, артикуляциялық аппарат.

*Резонаторлар*– тыныс алу жолдарының үстіңгі және төменгі жақтарын қоршап тұрған дауыс қатпарларының ауа қуыстары: жоғары бас және төменгі кеуде резонаторлары. Кеуде резонаторлары: кеңірдек, бронхтар.

*Бас резонаторлары:* жұтқыншақ, ауыз қуысы, мұрын қуысы, мұрынның қосалқы қуыстары.

*Артикуляциялық аппарат*– сөз және дауыс дыбыстарын қалыптастыратын органдар жүйесі. Сөз сөйлеу белсенді органдары: дауыс қатпарлары, тіл, ерін, жұмсақ таңдай, көмей, төменгі жақ сүйек. Сөз сөйлеудің белсенді емес органдары: тіс, қатты таңдай, үстіңгі жақ сүйек.

*Дыбыс жасаушы органдар:* – кеңірдек, дауыс қуыстары.

*Дауыс жасаушы үдеріс* – бас миымен жүйке байланыстарының кең жүйесі арқылы жүзеге асырылатын көмейдің барлық бөліктерімен күрделі және нәзік өзара іс-әрекеттесу нәтижесі. Дауыс қатпарларына күш түсіру және оларды бір-біріне әкелуде, қабырға аралық бұлшық еттер мен диафрагма қимылдарымен күшейтілетін кеңірдек пен бронхта ауа қысымымен күшейтілетін, оны дауыс қатпарларының тесіктері арқылы тербелістер пайда болатын ауық-ауық жарып өтетін ауа ортасының тербелісін қамтамасыз ететін дауыс дыбыстарын қабылдаудың физиологиялық актісі.

Тарау және 3 тақырып. Вокалдық дағдылар. Тыныс алумен жұмыс (әншілік тыныс алу, тыныс алу жаттығулары туралы түсінік)

*Вокалдық дағдылар* – әншілік акт компоненті болып табылатын іс-әрекеттерді орындаудың ішінара автоматтандырылған тәсілі.

Бастапқы кезең – реттелетін вокалдық-музыкалық бейнені құру, вокалдық іс-әрекеттерді орындау және оларды іске асыруға талпыныс тәсілдерін түсіну. Келесі кезең – берілген акустикалық талаптарға сәйкес шартты рефлекторлық байланыстарды құру. Жаттығу әрекеттеріне қарай бұл байланыстар бекемделеді, артық қозғалыстар мен қателіктер жойылады, кейбір іс-әрекеттерді орындау нақты, дәл

бола бастайды, олардың сапасы арттырылады. Олар автоматтандырылады және бірыңғай әншілік актіге құйылады.

Одан әрі дауысқұраушы үдеріс иілгіштік бейімделуі (қалыптасқан серпінділік стереотиптер) дыбысты шығару жағдайын өзгертуге (мысалы, жоғарғы және төменгі бөліктер диапазонындағы дыбыс шығаруды және дауыс құраушы тәсілдерді меңгеру, орындалатын шығарманың және т.б. эмоционалдық-мәнді мазмұнына байланысты дыбысталудың өзгерісі) әкеледі.

Ән айту негізі ретінде *әншілік тыныс алу* және оның дамуы әншілік дауыспен жұмыс үдерісінде жүреді, және біртіндеп және жүйелі түрде тәрбиеленеді. Әншілік тыныс алу бір қалыпты, еркін, дауысты құруға қатынасатын барлық жүйелердің табиғи түзетілуіне мүмкіндік беретін болуы тиіс. Тыныс алу типтері. Костальдық (бұғаналық, жоғарғы кеуделік, көкіректік). Косто-абдоминалдық (аралас, бауыреттік) тыныс алу. Абдоминалдық (құрсақтық, диафрагмалық) тыныс алу. Төменгі қабырғалық-диафрагматикалықтыныс алу. Фонациялық тыныс алу элементтері (музыкалық фразаны әндету кезіндегі тыныс алу, демді іште ұстау және демді ұстап тұруды сақтау жағдайы). Демді ішке алу мен демді шығаруды бақылау, ырғақ және тыныс алуды ұйымдастыру. Жартылай есінеу.

Әншілік тыныс алу - «диафрагманы сүйемелдеу» дыбыстық негізі. Әншілік тірек-күрделі кешендік сезім, тыныс алуды дұрыс ұйымдастыруға, дыбысты құруға және дауысты резонаторлауға байланысты. Әншілік тіректің негізгі өлшемдері – дыбыс шығарудың сапасы. Тіреулі дыбыс. Тіреусіз дыбыс. Тыныс алу жаттығулары. Дыбыссыз жаттығулар. Тыныс алуды, диафрагма, құрсақ тығыршығын сүйемелдеуді дамыту үшін демді ішке тарту және шығару тренажы. Дыбыстық жаттығулар. А.Н. Стрельникова, К.П. Бутейконың әдістері бойынша тыныс алу жаттығулары.

Тарау және 4 тақырып. Сөз сөйлеу және ән айтудағы артикуляция қағидаттары (артикуляциялық аппаратты дамыту үшін сөздік және вокалдық жаттығулар).

Сөз сөйлеудегі артикуляциялық аппарат. Ауыз-жұтқыншақтық канал органдары: тіл, ерін, жұмсақ таңдай, жұтқыншақ, төменгі жақ сүйек бөліктері. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Тыныс алу бұлшық еттері мен тамақ бұлшық еттерімен артикуляциялық аппаратты түзету.

Ән айтуда артикуляциялық аппарат жалғамалы түтікшенің ұзындығы мен барынша кең ашылған ауызды өзгерту жағдайында жұмыс жасайды. Резонаторлық қуыстың бұлшық еттерінің жиырылуын көбейту, ауыз-мұрын қуыстары каналының қуыстарын кеңейту, тіл, ерін және жұмсақ таңдайдың сөз сөйлеу құрылысын өзгерту; ауызды

ашу дәрежесін арттыру. Артикуляциялық аппаратты жаңа жағдайға және орындарға бейімдеуде қажетті нақты дауысты дыбыс форманттарды құру үшін ұйымдастырылады. Дауыстыларды дөңгелектеу. Ән айтудағы дауысты, дауыссыз дыбыстар. Вокалдық орфоэпия заңдары. Артикуляциялық аппараттарды дамыту үшін сөз сөйлеу және вокалдық жаттығулар.

Тарау және 5 тақырып. Дыбыспен жұмыс (дауысты дыбыстарды әндету, дауыссыздарды айту, дыбысты жүргізу сипаты, дыбыс шабуылдары, дыбыстың жоғары тұғыры)

Ән айтуда дауысты және дауыссыз дыбыстарды қалыптастыру. Дауыстың негізгі вокалдық қасиеттеріне дағдыландыру. Дауысты дыбыстың жоғарғы және төменгі форманттары. Ән айтуда дауысты дыбыстарды қалыптастыру бірлігі. Екпінді және редуцияланған дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды тегістеуге арналаған жаттығулар. Дауыссыз дыбыстар (еріндік, тілдік, тандайлық, қатаң, ұяң, үнді, үнсіз). Дауыссыз дыбыстарды дауысты дыбыстармен үйлесімдікте қалыптастыру. Шығарманың көркемдік бейнесі, дыбысты жүргізуде дауыссыз дыбыстарды айту сипаты. Ән айтудағы эмоциялық көрнекіліктің вокалдық-фонетикалық құралдары.

*Дыбысты жүргізу сипаты.* Легато (legato) – дауысты дыбыстарға тыныс алусыз, түрткісіз созылыңқы, үздіксіз, бір-бірімен байланыста дауыссыз дыбыстарға ауысқан, бір буыннан екінші буынға аяқталатын ән айту, сондай-ақ, дауыссыз үнді дыбыстарда (л,м,н,р) ән салу. Легатодағы дауыссыз дыбыстар–бір-бірімен тығыз байланысқан, айтылу жылдам, тұтас дыбыстың бірлігі бұзылмастан айтылады.

Нон легато (non legato) – бір-бірімен байланыспайтын дыбыстарды бөлуді көздейтін дыбыс жүргізу әдісі, әуеннің кейбір бөліктеріндегі дыбыстарды баса айтылатын, бірақ оның үздіксіздігін сақтау көзделетін әдіс. Дыбыстарды бөлу жаңа дыбыс алдында тыныс алумен (қайта қалпына келтірусіз) қысқа мерзімдік кешігуде жүреді. Дыбыстарды атап айту әдейі істелетін акцентке өтусіз және тіпті – цезура немесе паузаға өтусіз болуы тиіс. Сонымен қатар көңіл бөлуді азайту әрбір пайда болған дыбыстың немесе аккордтың анық қырларын шайып жіберуге алып келмеуі керек, осылайша, әуенді көрнекі емес тәсілге, орташа легато және нон легатоға әкелмеуі қажет.

Стаккато (staccato) – үздік-создықсыз, ұзындықтары қысқа, қысқа түрткілермен, бір дыбысты екінші дыбыстан бөлектеуге апармайтын, орындауды көздейтін дыбыс жүргізу әдісі.

Ән айтудың белгілі бір мәнерлілігіне қол жеткізу үшін тыныс алуды шебер пайдалана білу ән айтушылық шабуылдың қандай да бір түрін қолданумен байланысты, өйткені дәл сол нәрсе дауыс желбезегі

жұмысының сипатын айқындайды. Ән айтушылық шабуылдың үш түрі бар. *Шабуыл* – ән айтудың басында дауыс желбезегін жұмысқа қосу дәрежесі мен сипаты. Оқушының шабуылдардың барлық түрлерін меңгергені және оларды мәнерлі міндеттерге қарай қолданғаны абзал. *Жұмсақ шабуыл*– дауыс желбезегі аса тығыз емес жақындап барып, жабылады, дыбыстың ең басталар алдында, оның алдында емес. Жұмсақ шабуыл ән айтудың сипатын: кеңдігін, дөңгелектігін, жұмсақтығын, мәрттігін және эмоциялық мәнерлілігін білдірген кезде қолданылады. *Қатаң шабуыл*– дауыстық қуыс дыбыс басталар алдында тығыз жабылады, содан кейін шығарылатын ауаның кернеуімен күшпен атып шығады. Қатты шабуыл ән айтудың сипатын: наразылықты, ашынуды, ынтығу, қорқу және қайғыру сезімін білдірген кезде қолданылады. *Тыныс алу алдындағы шабуыл*– желбезектер толық емес жабылған кезде, ауа елеулі мөлшерде шығарылғанда. Тыныс алу алдындағы шабуыл ән айту сипатын: абайлауды, әлсіздікті, қорқақтықты, шаршағандықты білдірген кезде.

*Дыбыс тұғыры* – жоғары дыбысты қабылдауға тембрдің әсерін көрсету. Дыбыстың жоғарғы және төменгі тұғырлары. Тембрде жоғары жиілікті обертондардың жеткілікті санының болуы дыбысты барынша айқын, сыңғырлаған, жарқын, ұшқыр, атап айтқанда тұғыры бойынша жоғары болуын қамтамасыз етеді. Жоғары жиілікті обертондардың жеткіліксіздігі ол сол абсолютті биік болса да қатаң, төмен, жатық ретінде қабылданады. Тұғырлық таза болмауды жоюға болады, ол үшін дауысқұраушы техниканың дәлдігі мен дұрыстығына назар аудару қажет. Жоғары әншілік тұғыр: «әншілік бетперде», «жартылай есінеу», «дыбыстық тірек» ұғымдарымен байланысты. Жоғары тұғырды сақтау – құрсақ тығыршығын белсенді жұмылдыра отырып, терең, күш түсірілмеген тыныс алуда, онда ауыз және жұтқыншақты жақсы аша отырып, төменгі жақ сүйекті босатып, бүркемеленген дыбысты және жұмсақ, дәл дауыс шабуылын пайдалана ән айту. Осындай тұғырды тауып алу үдерісінде жоғары көтерілген жұмсақ таңдай шешуші рөл атқарады. Мұнда иекашылады, жұмсақ таңдай жұтқыншақты аңқадан (носоглотка) толық бөлектеп, көмей түсіріліп, тіл босатылады, жұтқыншақ жандандырылады. Вокалдық есінеудұрыс дыбыс құрау үшін қажетті әдіснамалық әдіс болып табылады, ол демді ішке тартқанда дайындалып, дыбысты құраудың бастапқы сатысы және дыбысты дұрыс берудің шартын қалыптастырады. Жоғары дыбыстық тұғырда ән айту әншілік бетпердені пайдалануды қарастырады, атап айтқанда басты резонаторларды, яғни, дыбыстың жоғарғы тірегін, ал тыныс алу, оның төменгі тірегі болып табылады, толық белсендендіруді көздейді. «Бетпердеге» дауысты бағыттау дұрыс дыбыс шабуылына мүмкіндік береді, яғни, дыбыс шығару кезінде тыныс алуды ұйымдастыру. Тыныс жоғарғы тіс тамырларына қарай тар

ағынмен жіберіледі. Жоғарғы тіс тамырларынан дыбыс тіреуіш нүктесі алыстаған сайын дыбыс сонша жарқын шығатын болады.

Тарау және 6 тақырып. Әншілік дауыстар жіктеуіші және әншілік дауыс регистрі (бас және кеуде регистрлерін дамытуға арналған жаттығулар есебінен әншілік диапазонды кеңейту)

Әншілік дауыстар жіктеуіші. Диапазон – дауыстың дыбыстық көлемі. Әншілік дауыс регистрі – дыбыстық көлемнің (жоғарғы, орта, төменгі) бірлескен тәсілімен алынатын айқындалған бөліктегі дыбыс тембрі бойынша бірдей фонациялық қатар. Балалар дауысының регистрі. Әншілік дауыстың негізгі регистрлері – төс-кеуде регистрі (Chest voice), фальцет (Falsetto), бас регистрі (head), микст (Mixed voice), ысқырмалы регистр (Whistle register), штро бас (Stroh bass). Регистрлік табалдырықтарды тегістеу және дауыс регистрін жұмсарту. Өтпелі ноталар. Балалар дауысы. Сопрано: ми–фа–диез (екінші октавалар), альт: ля–си (бас регистрге өтудегі бірінші октавалар); ре–ми (кеуде регистріне өтудегі бірінші октавалар). Бас және төс-кеуделік регистрлерін дамытуға арналған жаттығулар есебінен әншілік диапазонды кеңейту. Дауыс диапазоны орталығын нығайту арқылы төменгі және жоғарғы дыбыстарды дамыту.

Тарау және 7 тақырып. Есту қабілеті мен дауыс арасындағы түзетулер (интонация тазалығы, дұрыс әншілік тұғырды дағдыландыру үшін жаттығулар)

Есту қабілеті дағдылары. Есту зейіні және өзін-өзі бақылау. Әншілік дыбыстың сапалы жақтарын саралау. Әншілік дыбыс пен оны құру тәсілдері туралы вокалдық-есту түсініктері. Қабылдау және елестету арасындағы есту-қозғалыс байланыстары (есту қабілеті мен дауыс арасындағы түзету). Қабылдаушы және дыбыс бейнелі дыбыс шығарудың сапасына есту қабілеті мен өз бетінше бақылауды жүйелі тәрбиелеу негізінде қалыптастыру. Дыбыстың кейбір элементтерін, дыбыс шығару, артикуляция және тыныс алу тәсілдерін санасына сіңіру, түйсіну.

Интонация жиілігінің музыкалық есту қабілеті және есту көріністерінің көлемінің даму дәрежесіне тәуелділігі. Музыкалық есту қабілеттерін дамыту үшін (ладтық, үйлесімділік, ішкі) вокалдық-интонациялық жаттығулар (гамма, интервал, аккорд, секвенциялар, әуендік айналымдарды әндету).

Әншілік дұрыс тұғырды дағдыландыру - ән айту кезінде дененің барлық бұлшық еттер жұмысының жиынтығы, дауыс аппаратының барлық жиынтығының, диафрагма, құрсақ қуысынан бастап және төмен

орналасқан кеңірдек пен тілдің босатылған сіңірлерімен аяқталған барлық жиынтығы.

Тарау және 8 тақырып. Дауыс ақаулары және оларды жою (тамақ және мұрын қосымша дауыс құбылысы (призвуки), дыбысты күшейте шығару, ақауларды жоюға арналған жаттығулар)

Дауыс ақаулары. Тамақтан шығатын қосымша дыбыс құбылысы. Дауыстың көмескі шығуы. Әр түрлі дауысты қысу түрлері. Мұрыннан шығатын қосымша дыбыс құбылысы. Таза емес дыбыс. «Ақшыл» дыбыс. Дикция ақаулары. Форсирлеу. Сип, вибраторның бұзылуы (тремоляция, «күшті тербеліс», «тік дауыс»), жалған интонация, дыбыстың төменгі тұғыры.

Тарау және 9 тақырып. Вокалдық репертуардың көркемдік-орындаушылық қырларымен жұмыс.

Көркем шығарманың мазмұны мен нысанасын қабылдау және түйсіну. Идеялық-көркемдік ойдың жеке дара орындаушылық тұжырымдамасын жасау. Шығармашылық міндеттерді барынша оңтайлы шешуді іздеу. Орындау түрі мен мазмұнын құрастыру, өзінің көркемдік жағынан дұрыс бағыт алу мен орындаушының жасаған түсіндіруінің (трактовка) құндылығына сенімділік сезімін тудыру.

Әншінің эстрадалық бейнесі – қайталанбас және шектелген бейнені (имидж) іздеу. Эстрадалық әннің көрнекілік құралдары - эстрадалық вокалист-әртістің вокалы, сөзі, актерлық шеберлігі, пластикасы, костюмі, жарық беру, мизансцена. Қосымша көрнекі құралдарды қолдану шегі орындаушының даралылығына, әннің мазмұндық, бейнелік, эмоционалдық және стилдік өзіне ұқсамауына тәуелді.

Орындаушының даралығы, әннің музыкалық-мәтіндік негізінің сипаты, жанрлық алуан түрі (лирикалық, азаматтық-патриоттық, әзілдік, ойын түріндегі, баллада; классика, ретро, джаз, рок және т.б.). Эстрадалық вокалдық репертуар театрландыруға шектеулі бейімделгіш және белсенді театрландыруға қарсылыққа ие. кішігірім сахналық ән - кішігірім спектакль - жаңалықтық қатар құрылады, кейіпкерлердің мінез-құлқы табылады, дау-дамай табиғаты айқындалады, берілген жағдайда іс-әрекеттер қатары құрылады. Кейіпкер тұлғасынан туындаған ән - өз атынан айтылатын әннің кейіпкерінің мінез-құлқын құру, қайта жаңғыруы. Эстрадалық әнді театрландыру - сюжеттік театрландыру, шығарманың мәні мен бейнесі ән мен актерлық көрнекілік арқылы ашылады. Эстрадалық әншінің актерлық психотехникасы ішкі аңғарымы, қиял-елесі, материалдың

эмоционалдық-мәнді құрылысына ену жетекші орын алады; эстрадалық әншінің өмір сүруі - толық сол бейнеге айналуы емес, ән кейіпкерінің (кейіпкерлерінің) сезімі мен ойы туралы әңгіме; әнге тірідей аккомпанемент әншінің концертмейстер немесе оркестрмен қарым-қатынасы мағынасындағы ауқымды театрландырылуына мүмкіндік беруі.

Тарау және 10 тақырып. Жаттығулар мен вокализдермен жұмыс.

Дауысты дамыту және қалыптастырудың бастапқы сатысындағы жаттығулардың рөлі. Вокалдық-техникалық дағдыларды қалыптастыру мен жетілдіру: әншілік диапазонды кеңейту, дыбысты жүргізудің алуан түрі, дауысты дыбыстардың үнін тегістеу, көшпелі ноталар, вокалдық есінеу. Әншілік дауысты дұрыс дауыс жағдайына келтіру, орын алған кемшіліктерді жою. Әншілік тұғырды қалыптастыру. Дыбыстың тегістіне, дауыстың қозғалыстылығына қол жеткізу үшін тыныс алумен, резонаторларды меңгеру. Legato үшін дұрыс әншілік тонды жасау, ән айту дағдыларын еркін, күш түсірусіз айту дағдыларын құру. Әншілік дұрыс тұғыр: әншілік дыбыстық мақсатқа жету; әншілік жоғары тұғыр; әншілік тыныс алу (аралас) және дыбыс тірегі; ән айтудағы дыбыс шабуыл түрлері; әншілік артикуляция және дикция.

Жаттығуларды мына қағидаттар бойынша: қарапайымнан күрделіге, «жабылған ауыздан» «ашылғанға» жету арқылы ән айту, жеңіл дыбыстармен ән айтудан серпінді және қоюлатылған тембрлыққа, диапазон ортасынан шеткі диапазонға қарай қолдану. Кіші диапазонға арналған жұмыс. Оқушының өскелең мүмкіндіктеріне сәйкес жаттығуларды біртіндеп күрделіндіру және ұзарту. Барынша күрделі жаттығуларға өту алдыңғы кезеңдерді тұрақты игеруден кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс, жақсы бекітілудің болуы маңызды. Жаттығу типтері: сақталған дыбыс арқылы; гамма құраушы; арпеджио; түрлі секіріске арналған жаттығулар; вокализдер; шығармалардан үзінділер. Жаттығуларды көрнекі орындау міндеттерін вокалдық-техникалық міндеттермен қатар жүргізу. Жаттығуларды оқушылардың даму деңгейіне, дауыс типтеріне қарай техникалық тапсырмаларға сай іріктеу.

*Вокализ* - дауысқа арналған сөзі жоқ пьеса. Аралық музыкалық материал жаттығулардан көркем шығармаларға дейін. Жаттығулардан өзгешелігі - күрделіндірілмеген поэтикалық мәтіні жоқ нағыз көркем шығарма болып табылатындығы. Вокалдық-техникалық дағдыларын қалыптастыру - вокализдер материалындағы дыбыс шығарушылық, дауыстық жетекшілік, дауыс тегістігі, жүгірте айту техникасы, кантилен және т.б. Вокалдың анық бір түрін дамытуға есептелген және дауыстардың анық бір типтеріне қарай іріктелген жинақтар түріндегі

вокализер. Ф. Абт, Дж. Конкон, Г. Зейдлер, Б. Лютген, Г. Панофки, Д. Россини, М. Маркезидің вокализері. Ноталар атауымен (сольфеджирлеу), дауысты дыбыстарды, түрлі буындарды қолданумен вокализерді жаттау. Вокализерді әндетуді түйсіну, эмоционалдық сезімдерді білдіру. Вокализердің музыкалық мәтіндерін талдау - нысан, фразирлеу, кульминация, қарқын, ырғақ, серпінді реңктер, орындау сипаты.

#### Тарау және 11 тақырып. Халық әндерімен жұмыс.

Халық музыкасы жанрымен танысу. Халық әндерінің кең әндетілуінен шығатын музыкалық әншілік дауысты дамыту. Басқа да халықтардың әндерімен танысу. Вокалдық-техникалық жұмыс. Мазмұн байлығы, жанрдың алуандығы. Салт-дәстүрлік, сатиралық, еңбек, ойнақы, лирикалық және т.б. әндер. Әртүрлі елдердің халық әндерінің арнайы келбеті (қазақ әндерінің бір дауыстық тыныс алу кеңдігі, орыс халық әндерінің қосалқы дауыстық полифониясы, немістің төртдауыстық хоралы, көптеген шығыс әуенінің күй таңдағыштық ырғақтық және интонациялық қыры және т.б.) Сөз орамдарын анық және нақты бөлу, баяндаудың қарапайымдылығы, сарынды және ырғақты суреттің қарапайымдылығы.

#### Тарау және 12 тақырып. Эстрадалық шығармалармен жұмыс.

Вокалдық репертуармен жұмыстың ерекшелігі оның мазмұнының тек музыка арқылы ғана емес, сонымен қатар поэтикалық мәтін арқылы ашылуымен байланысты. Вокалдық шығарманы талдау. Музыка мен мәтін авторлары, шығарма сипаты. Әдеби мәтінді саналы және эмоционалды оқу. Мәнінің шарықтау шегін көрнекі декламациялау, өлеңнің фонетикалық және ырғақтық ерекшелігі.

Әуенді ойнау. Әуенді әндету және әуеннің сипатын анықтау, оның серпінділік диапазонын, нысанасын анықтау, шарықтау шегін, тыныс алуды ауыстыруды табу.

Вокалдық-техникалық талдау: тесситура (қолайлы, қолайлы емес). Примарлық дыбыстардың болуы, оқушының дауыс диапазоның шеткі (төменгі, жоғарғы) дыбысы. Әуен қозғалысының сипаты (толқын тәріздес, біртіндеп, секірістік және т.б.) Дыбыс мінездемесі (жұмсақ, ашық, жеңіл және т.б.). Вокалдық-техникалық қиындықтар: интонациялық (секірістер, хроматизмдер, интервалдардың ұлғаюы және кішіреюі және т.б.); ырғақтық (синкоптар, дуолдер, триолдер және т.б.); серпінді; дикциялық; тыныс алуға байланысты қиындықтар (ұзақ фразалар және т.б.), шабуыл түрлері.

Вокалдық шығармалардың бейнелік жақтарын ашу және орындаудың жоғары көркемдік деңгейіне қол жеткізу. Сүйемелдеу сипаты. шығармалардың аудиотаспаларын тыңдау, бейнежазбаларды, бейнебаяндарды қарау. Шығарманы вокалдық-техникалық жағынан игеру. Орындаудың вокалдық мәдениетімен жұмыс. Шығарманың көркемдік-эмоционалдық, сахналық қойылымымен жұмыс. Концерттік орындау.

### **Білім алушылардың бағдарламаны игеруінен кейінгі күтілетін нәтижелер**

«Эстрадалық вокал» пәні бойынша бағдарлама оқу жоспарына сәйкес оқу пәндерін игеруден күтілетін нәтижелерді анықтайды. Білім алушылардың басты және оқу-танымдық құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейі пәндік, жүйелік-қызметтік және тұлғалық нәтижелері аясында бағаланады.

Болжалды репертуарлық тізім репертуардың алуан түрлілігін, оның бағытын, сонымен қатар әрбір білім алушыға жеке дара тұрғыда қарау мүмкіндіктерін бейнелейді. Бір сыныптағы бағдарламаны, концерттік және емтихандық бағдарламаларды өтудің жеке жоспарларының қиындықтар деңгейінде бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін. Әрбір сыныпта зерделеуге арналған ұсынылған шығармалардың болжалды саны жылдық талаптарда көрсетіледі.

Педагог репертуармен жұмыс барысында шығармалардың бір бөлігі - көпшіліктік немесе концерттік (емтихандық) орындауға, ал қалған бөлігі - сыныптағы жұмыстар үшін немесе танысуға арналған болуын ескеруі тиіс. Педагог педагогикалық репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін білім алушының жеке доспарын зерделеу кезеңдерін қарастыра отырып бекіте алады.

Осы бағдарламада көрсетілген болжалды репертуарлар тізімі ең соңғы емес екенін ескере отырып, педагог әрбір білім алушыға дара және тұлғалық тәсілді есепке алып, оқу-педагогикалық репертуардың тізімін толықтырып, бағдарламаның көлемі мен күрделілігінің арасында бейімдей алуы тиіс.

### **Болжалды бағдарламалық талаптар.**

#### **Дайындық сыныбы**

Білім алушылардың вокалдық тәрбиесі музыкалық қабілеттерінің дамуы мен жалпы мәдени деңгейімен үздіксіз байланыста. Дайындық сыныбында музыкалық сабақтарға деген тұрақты, эмоционалдық-жағымды қызығушылықты қалыптастыру маңызды.

Оқу жылы ағымында білім алушыда музыкалық-теориялық, вокалдық білім, білік және шеберлік, дағды қалыптасады. музыканы тыңдау, қабылдау және есте сақтау, музыканы қабылдаудың музыкалық сезімталдық, әсершілену дағдылары қалыптасады. «Әншілік орнығу», «әншілік дауыс», «әншілік тыныс алу», «кантилена» деген ұғымдармен танысу қажет. Әншінің тыныс алу және әншілік дұрыс дауыс дыбысы (қарқынды емес) негіздері қалыптастырылады. Музыкалық-есту қабілеті түсінігі мен ырғақ сезімі, артикуляция дағдылары қалыптасады. Оқу жылында кемінде 9-10 шығарма зерделенуі тиіс.

*Оқытудың дайындық кезеңі нәтижесінде білім алушылар:*  
дауыс, әншілік тыныс алу туралы жалпы түсінігі;  
әншілік орнығуды, нұсқаулықты сақтауы;  
«Удивительная кошка». Әні: С. Суэтов, сөзі: Дж. Хармс.  
«Фантазерка». Әні мен сөзі: О. Ольхов.  
«Эхо любви». Әні: Е. Птичкин, сөзі: Р. Рождественский.

#### *Шетел композиторларының шығармалары*

«A-Tisket, A-Tasket». Әні мен сөзі: Ella Fitzgerald, Van Alexander.  
«Get Lucky». Әні мен сөзі: Thomas Bangalter, Guy-Manuel de  
Homem Christo, Pharrell Williams, Nile Rodgers  
«Halo». Әні мен сөзі: Ryan Tedder, Beyoncé Giselle Knowles-Carter,  
Evan Bogart.  
«Hit the road, Jack». Әні мен сөзі: Percy Mayfield.  
«I love Rock'n'Roll». Әні мен сөзі: Alan Merrill, Jake Hooker.  
«I Want To Break Free». Әні мен сөзі: John Richard Deacon.

«I Will Wait for You». Әні: Michel Legrand, сөзі: Jacques Demy.  
«Love Me Tender». Әні: Джордж Р. Поултон, сөзі: В.В.Фосдик, Элвис Пресли, Вера Матсон, Кен Дерби.  
«Pardonne moi». Әні мен сөзі: Patricia Carli  
«The Show must go on». Әні мен сөзі: Queen (Роджер Тэйлор, Джон Дикон, Брайан Мэй, Фредди Меркьюри)  
«Sir Duke». Әні мен сөзі: Stevie Wonder.  
«Torna a Surriento». Әні: Ernesto De Curtis, сөзі: Giambattista de Curtis.  
«Yellow Basket». Әні мен сөзі: Ella Fitzgerald.  
«You are not alone». Әні мен сөзі: R. Kelly.  
«Adagio» (Tomaso Albinoni). Әні: Remo Giazotto, сөзі: Lara Fabian, перевод А.Резниковой  
«Девушка из Ипанемы». Әні: Antônio Carlos Jobim, сөзі: Vinícius de Moraes  
«Караван». Әні мен сөзі: Д. Эллингтон, Х. Тизол.  
«Macaviti». Әні мен сөзі: Webber Andrew Lloyd.  
«Подумай». Әні мен сөзі: Aretha Franklin, James White And The Blacks.

### **Білім алушылардың бағдарламаны игеру нәтижелерін бақылау түрлері және бағалау өлшемдері**

Үлгерімді бақылау оқу үдерісін орындау кестесі туралы ақпаратты алу мақсатында, материалды игеру сапасын анықтау, оқытудың алдына қойылған мақсатқа жету дәрежесі, білім алушылардың өз бетінше жұмыстарға ынталандыру, білім алушылардың өз оқуларының сапасына жеуапкершілігін күшейту, оқу сабақтарын ұйымдвстыру мен өткізуді жақсартуға әсер ету үшін өткізіледі. Пән бойынша келесідей бақылау түрлері мен әдістері қарастырылған: ағымдық, аралық және қорытынды бақылау, қорытынды аттаестация.

Ағымдық бақылау жеке сабақтар үдерісін, материалды игеру дәрежесін тексеру және білім алушылардың білім алудағы кемшіліктерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Аралық бақылау - I, II, III тоқсан соңында академиялық тыңдау түрінде.

Қорытынды бақылау – оқу жылының соңында өткізілетін көшіру емтиханы, мұнда білім алушылар сәйкес сыныптағы талаптарға сәйкес бағдарламаны көрсетеді.

Қорытынды аттестация – мамандық бойынша бітіру емтиханы.

Үлгерімнің ағымдық, аралық бақылауы тестілеу, техникалық сынақ, коллоквиум, академиялық тыңдаулар, техникалық сынақтар,

концерттік қойылымдар, байқау қойылымдары түрінде өткізілуі мүмкін.

Бірінші сабақтарда баланың вокалдық мүмкіндіктерін диагностикалау түрінде өтеді (дауыс аппаратының, диапазон, тыныс алу, дыбыс күші, артикуляция, дикция жағдайы). Оның нәтижелерін ескере отырып білім алушының жеке бағдарламасы қалыптастырылады. Оқушының жеке жоспары вокализдерді, қазақ, орыс, шетел тілдеріндегі әндерді зерделеуді қарастырады.

Білім алушылардың орындаушылық дағдыларын қалыптастыруда негізгі орынды концерттерді дайындау мен қойылым қою алады. Әдетінде, олар оқу жылының аяғында өткізіледі. Осыған байланысты, жаңа репертуарды зерделеуді 1,2,3 тоқсанға жоспарлануы тиіс, ал төртінші тоқсанда алдыңғы тоқсандарда өткен бағдарламамен, яғни, орындаушылық шеберліктерін қайрап, қорытынды бақылау үшін концерттік және емтихандық нөмірлерді дайындауға жұмыс жасауы қажет. Берілген оқу үдерісін ұйымдастыру түрі оқудан бөлек, шығарманы орындауды түсіндіру міндетін де алға шығарады, концерттік нөмірлерді қою үшін уақыт береді, концерттік репертуарды толықтыруға мүмкіндік береді және оны белсенді орындаушылық түрінде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

*Сыныптар бойынша тоқсандық жеке жоспар үлгісі*

1 сынып

1,2, 3 тоқсан:

1 вокализ.

2 ән (қазақ, орыс немесе шетел тілдерінде).

Оқу жылында шамамен 9-10 шығарма зерделуі тиіс.

2 сынып

1,2, 3 тоқсан:

1 вокализ.

2 ән (қазақ, орыс немесе шетел тілдерінде).

Оқу жылында шамамен 9-10 шығарма зерделуі тиіс.

3-4 сынып

1,2, 3 тоқсан:

1 вокализ.

3 ән (қазақ, орыс немесе шетел тілдерінде).

Оқу жылында шамамен 12-13 шығарма зерделуі тиіс.

5 сынып

Мемлекеттік бітіру бағдарламасы оқу жылы ағымында зерделенеді.

1 вокализ.

1 ән - қазақтың халық немесе қазақ халық композиторларының әндері.

1 ән - Қазақстан композиторларының әні.

1 ән – орыс композиторларының әні.

1 ән – шетелдік композиторлар әні.

Оқу жылында шамамен 5-6 шығарма зерделуі тиіс.

6 сынып

1,2, 3 тоқсан:

1 вокализ.

3 ән (қазақ, орыс немесе шетел тілдерінде).

Оқу жылында шамамен 12-13 шығарма зерделуі тиіс.

7 сынып

Мемлекеттік бітіру бағдарламасы оқу жылы ағымында зерделенеді.

1 вокализ.

1 ән - қазақтың халық немесе қазақ халық композиторларының әндері.

1 ән - Қазақстан композиторларының әні.

1 ән – орыс композиторларының әні.

1 ән – шетелдік композиторлар әні.

Оқу жылында шамамен 5-6 шығарма зерделуі тиіс.

*Аралық бақылауға қойылатын талаптар (академиялық тыңдау)*

Бір вокализ фортепианоның сүйемелдеуімен.

Педагогтің ұйғарымымен екі вокалдык шығарма «минус» фонограммасымен немесе концертмейстердің аккомпанементімен (халық әндері, қазақ, орыс, шетел тілдеріндегі классиктердің, заманауи композиторлардың шығармалары).

*Қорытынды бақылауға қойылатын талаптар (көшіру емтиханы)*

Педагогтің ұйғарымымен үш вокалдык шығарма «минус» фонограммасымен немесе концертмейстердің аккомпанементімен (халық әндері, қазақ, орыс, шетел тілдеріндегі классиктердің, заманауи композиторлардың шығармалары).

*Қорытынды аттаестаттауға қойылатын талаптар (бітіру емтиханы)*

Бір вокализ фортепианоның сүйемелдеуімен немесе «минус» фонограммасымен.

Педагогтің ұйғарымымен төрт вокалдық шығарма «минус» фонограммасымен немесе концертмейстердің аккомпанементімен (халық әндері, қазақ, орыс, шетел тілдеріндегі классиктердің, заманауи композиторлардың шығармалары).

Әр тоқсанның соңында *аралық бақылау* өткізіледі, академиялық тыңдау мен ағымдық тоқсандық бағалардан құралатын тоқсандық баға қойылады. Мұнда мүмкіндігінше оқушының жеке қабілеттері мен табиғи мүмкіндіктеріне бағдарламалық талаптарды орындауға қатынасын есепке алу керек.

Келесі сыныпқа көшіру мамандық бойынша *қорытынды бақылау*, екінші жартыжылдықтың аяғында өткізілетін жұмыстардың нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Қорытынды жылдық баға қорытынды бақылау (емтихан) бағасы мен тоқсандық баға негізінде қойылады, сонымен қатар оқушының концерттерге, байқауларға, фестивалдарға, олимпиадаларға, жобаларға, мәдени-ағартушылық іс-шаралар және т.б. қатысуын ескеру керек.

Білім алушалардың үлгеріміне аралық және қорытынды бақылаудың мазмұны, баға өлшемдері, жағдайлары мен түрлері мектепте өздігінше әзірленеді.

Ағымдық, емтихандық, тоқсандық және жылдық бағалар журнал мен күнделіктерге қойылады. Оқу жылы бойы күнделікке шығармамен жұмысқа қарасты үй тапсырмасы, педагогтің ескертулері мен ұсыныстары жазылады.

Қорытынды аттестация оқу пәндері бойынша бітіру емтихандары түрінде өткізіледі: 1) Арнайы сынып. 2) Сольфеджио.

Арнайы сынып пен сольфеджио бойынша бітіру емтиханының бағасы мектепті бітіру туралы куәлікке енгізіледі.

Білім алушылардың қорытынды аттестациясын өткізудің мазмұндық, бағалау өлшемдері, шарттары мен түрлеріне қойылатын талаптарды мектеп өзі айқындайды.

Бітіру емтиханының қорытындысы бойынша «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деген бағалар қойылады. Бітіру емтихандары арасындағы уақыт үш күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс.

## Бағалау өлшемдері

### *«5» (өте жақсы) бағасы*

вокалдық аппаратты еркін игеруі, дұрыс әншілік тұғыр, интонациялау тазалығы, дыбысты жүргізу, нюанстердің негізгі тәсілдерін меңгеруі, есту қабілетін өз бетінше бақылау, ноталық мәтінді дәл оқу және білу, шығарманың көркемдік бейнесін ашу, көркем, әртістік жағынан орындауы, музыкалық көрнекілік құралдарын

поэтикалық және музыкалық мазмұнмен икемді қосу, орындайтын шығармасын өз бетінше түсіндіруі, орындау мәдениетінің жоғарылығы.

*«4» (жақсы) бағасы*

вокалдық аппаратты еркін игеруі, дұрыс әншілік тұғыр, интонациялау тазалығы, дыбысты жүргізу, нюанстердің негізгі тәсілдерін меңгеруі, ноталық мәтінді білуі, есту қабілетіне бақылаудың жеткіліксіздігі, шығарманың қиын жерлерінде техникалық олқылықтар (интонациялық дәлдіктің жоқтығы), шығарманы орындауда музыкалық ойлау көзқарасынан қараудың өзінің ой елегінен жеткіліксіз өткізуі, саханадағы психологиялық тәртібінің тұрақсыздығы.

*«3» (қанағаттанарлық) бағасы*

вокалдық аппаратты, дыбысты шығару тәсілдерін жеткіліксіз игеруі, темптік ырғақтық ұйымдастырудың болмауы, біртекті серпін және дыбыс шығарудың бірсарындылығы, музыканы ой елегінен өткізбестен авторлық ноталық мәтінді оқудың формалдылығы, орындаудағы әлсіз есту қабілетін бақылауы, орындауда стилистік және интонациялық қателіктердің болуы, орындау мәдениетінің орташа деңгейі, сахнадағы тұрақсыз психологиялық жағдайы.

*«2» (қанағаттанарлықсыз) бағасы*

Вокалдық аппаратты, дыбысты шығару тәсілдерін жеткіліксіз игеру, есту қабілетіне бақылаудың болмауы, көрнекі емес интонациялау, метроырғақтық тұрақсыздық, қателер, ноталық мәтінді нашар білуі, орындау мәдениетінің төмендігі, сахнадағы тұрақсыз психологиялық жағдайы.

Вокалдық-техникалық және орындаушылық шеберлігін бағалау кезінде интонация сапасы, дикция нақтылығы мен мәтінді айтуда ой елегінен өткізе білуі, ырғақтылық, әншілік диапазонының кеңдігі, фразировкалау көрнекілігі, серпінді реңктер, тембр ашықтығы, сечь сезімі мен орындау мәнері, микрофонды меңгеруі бағаланады.

Шығарманың көркемдік іске асырылуын бағалауда шығарманың көркемдік бейнесін берудегі шешім ерекшелігі және сахналық ұсыну, әртістік, пластика, орындаушылық еркіндік ескеріледі.

Сонымен қатар бағалау кезінде сыныптағы жұмыс сапасы мен белсенділігі, оқушының концерт, байқау, фестиваль, олимпиада, жобаларда, мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысуы, сабақтардан қалмауы ескеріледі.

Қорытынды, бітіру емтихандарында бағалауда оқушының барлық жылдарындағы жұмыс сапасы мен табыстарын ескеру қажет.

## Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету

«Эстрадалық вокал» сыныбында оқу және тәрбие қызметтері үдерістерін ұйымдастырудың негізгі түрі педагогтің білім алушылармен аптасына 2 академиялық сағат көлеміндегі жеке сабақтары болып табылады.

Дәріс құрылымы мен сабақ типтерін таңдау алға қойылған мақсаттармен айқындалады: жаңа материалды игеру, білім, білік, дағды, шеберліктерін жетілдіру, білімдерін жинақтау және жүйелеу, білім, дағды, шеберліктерін есепке алу және бағалау.

Жаңа материалды зерделеу барысында теориялық мәліметтер беріледі, музыкадағы сан алуан стилдер мен бағыттармен танысу қарастырылатын әңгіме-сабақ қолданылады. Материалды түсіндіру поэтикалық және музыкалық мысалдармен, көрнекі құралдармен, презентациялармен, бейне және аудио материалдармен безендіріле отырып зерделенеді.

Практикалық сабақта оқушы вокалдық, орындаушылық дағдыларды меңгеру жұмыстарымен айналысады. Практикалық сабақтың құрылымы тыныс алу және вокалдық жаттығулармен, вокализдермен, әндік репертуармен жұмысты көздейді.

Бақылау-бағалау қызметтері мамандық бойынша академиялық тыңдау барысында іске асырылады. Академиялық тыңдау 1,2,3 тоқсанның соңында өткізіледі. Академиялық тыңдауға ата-аналар мен оқушылар шақырылуы мүмкін.

Қорытынды бақылау оқу жылының соңында емтихан арқылы жүзеге асырылады. Мұнда білім алушылар сәйкес сыныптағы талаптарға сай бағдарламасын ұсынады.

*Есептік концерт* білім алушылардың білім, дағды, шеберліктерін бақылаудың шығармашылық түрі болып табылады. Концерттік қойылымға арналған репертуар қатысушылардың жас ерекшелігіне қарай таңдалады. Хореографиялық қимылдармен, немесе сюжеттік іс-әрекеттері бар әндер вокалдық жағынан айтарлықтай жеңіл болуы тиіс, өйткені, орындау кезінде оқушы ән айтудан бөлек би қимылдары мен актерлық ойынмен айналысуы керек болады.

*Көшпелі сабақ* – концерт, мереке, байқау, фестивальдерге қатысуы. Оқытудың бұл түрінің нәтижелілігі мен сапасы білім алушының шығармашылық табыстары арқылы көрінеді.

### Сабақтың негізгі кезеңдері:

ұйымдастырушылық кезең, білім алушының сабаққа дайындығын көрсететін ішкі (психологиялық) және сыртқы жағдайын сипаттайтын кезең;

білім алушыларға сабақ мақсатын қою;  
тыныс алу жаттығулар кешенін, тыныс алу гимнастикаын орындау; мимикалық, артикуляциялық, дикциялық жаттығуларды орындау;  
вокализалармен жұмыс;  
вокалдық шығармалармен жұмыс;  
сабақта зерделенген материалдарды жиынтықтау және оны бұрын өткен білім мен дағды жүйесіне енгізу;  
оқытушы мен оқушы жүзеге асыратын оқу қызметтерінің нәтижелерін бақылау, білімін бағалау;  
келесі сабаққа үй тапсырмасы;  
сабақты қорытындылау.

Эстрадалық вокалды практикада оқыту репродуктивті, шығармашылық, жүйелік әдістермен, стилдік тұғыр әдісімен түсіндіру-көрсету әдісі кеңінен үйлестіріле қолданылады. Жалпы дидактикалық әдістермен қатар вокалдық педагогикада әншілік қызметтің ерекшелігін көздейтін: концентрациялық, фонетикалық, салыстырмалы талдау және т.б. әдістер құралған. Олар танымдық үдерісті практикалық дағдылармен біріктіреді.

*Репродуктивті әдіспен қабыстырлған түсіндірмелік-иллюстрациялық әдіс* айтылған ақпаратты саналы түрде қабылдау, ойлау және есте сақтауға бағытталған, бұл үлкен көлемдегі ақпаратты беру үшін қолданылады, мысалы, әншілік дыбыс пен дауыс құрау туралы. Мұнда дәстүрлі әдістер: ауызша сөйлеу және көрсету (вокалдық иллюстрация) көмегімен түсіндіру, кәсіби вокалдық дыбысталу және дауыс аппараттарының жұмыс, осындай дыбыстарды шығарушы тәсілдер енгізілген.

Мұғалім дауысына еліктеу негізіне арналған көрсету және еске түсіру әдісі үнемі ойлаған мақсаттарға жеткізе бермейді. Көрсету және көркемдік-орындаушылық кездерге еліктеу әдістерімен, көрнекілік тәсілдерімен айналысу да қажетті нәтижелерге қол жеткізе бермейді. Оқушылардың эмоционалдық жағдайына әсер етуде көркемдік бейнені сезіну, музыка мен мәтінді еске түсіру және талдау нәтижесінде оны қайта жаңғырту жөн. Ізденістік жағдаяттар мен жетелеуші сұрақтар қою білім алушыларға сәйкес орындаушылық тәсілдерді табуға, бастамашылдық танытуға көмектеседі – бұл ойлауды дамыту және балалар шығармашылық жолы.

Әншілік дыбыс сапасы, оның тембрін түсіндіру барысында бейнелілік анықтамалар қолданылады. Мұнда тек есту қабілетімен байланысты анықтамалар ғана емес, сонымен қатар көру, сезіну, резонаторлық және тіпті, дәмдік сезімдер де қолданылады. Мысалы, *қатаң, сыңғырлаған, ашық, жарқын, қою тембр; жұмсақ, қатаң,*

*қысыңқы, солғын, жақын, алыс, жоғары, төмен дыбысталу; дәмді, ләззат беруші дыбыс және т.б.*

Для иллюстраций на уроке также используются материалы из учебной, художественной, исторической литературы, видеозаписи, клипы, фильмы и т.д.

Осылайша, репродуктивті әдіспен қиюластыра қолданылатын түсіндірмелік-иллюстративтік әдіс – оқушылардың шығармашылық даму жолы, вокалдық тәсілдер мен орындау әдістерінде пайымсыз еліктеуден көркем бейнені саналы іздестіру жолы.

*Шығармашылық әдіс* – көркемдік-эстетикалық тәрбиенің жетекші әдісі. Оқушылардың шығармашылық қызметтерінде қайталанбастық пен ерекшелік, даралық, бастамашылдық, жеке қабілеттер, ойлау және қиялдау өзгешіліктері көрінеді. Осы әдісті қолдана отырып, балаларды ойлануға, шығармашылық үдерісті, көркемдік құбылыстарды шынайы бағалау, олардан жағымды және жағымсыз жақтарды табу, өзінің моралдық-эстетикалық тұғырымен, өз шығармасымен салыстыруға үйрету қажет.

*Жүйелілік әдісі* бағдарлама компоненттерінің барлық құрамдас бөлігі – пайдаланатын репертуардың мақсаты, міндеттері, тақырыбы, мазмұнының тұтастығы мен бірлігіне қол жеткізуге бағытталған. Сонымен қатар жүйелік әдіс тұтастың бөліктерге қатынасын үйлестіруге мүмкіндік береді (аталған жағдайда оқытудың әр жылындағы мазмұнның вокалдық бағдарламаның барлық құрылымымен қатынаста).

*Стильдік тұғыр әдісі* оқушыларда вокалдық шығарманы біртіндеп саналы стильдік тұрғыдан қабылдауға көзделген (шығарманың вокалдық сипаттамаларын стильдік жағынан ұғыну, орындау мәнері).

*Концентрациялық әдіс.* Оқытудың бұл әдісінде оқушы даусының орташа диапазонынан, «алынатын дыбыстардың күшейтілмеуі» (примарлық дыбыстар) тонынан, оларда қажетті кәсіби дыбысталу сапасын қалыптастырудан бастау керек. Ал кейіннен, осы дыбысталуды дауыс диапазонына қарай жоғары және төмен тарату қажет. Бұл әдістің өзгешелігі әншіні оқытуда жеке тәсілді қолдану болып табылады.

*Фонетикалық әдіс* білім алушылардың ән айтудағы сөз сөйлеу тәжірибесі, жақсы ұйымдастырылған, нақты сөйлем стереотиптеріне сүйенуге мүмкіндік береді. Бұл өте маңызды, өйткені әншілік фонация сөйлемдік фонациядан қатты ерекшеленетін болса да, алайда, соның негізінде қалыптастырылады. Балаларға әншілік оқыту барысында фонетикалық әдіс өте мәнді. Ол артикулярлық органдарының – балалардың санасына барынша тәуелді дауыс аппаратының бөліктерінің белсенді жұмысына негізделген. Балалардың артикуляциялық органы барынша солқылдақтығымен ерекшеленеді.

Аталған әдіс осы кемшіліктермен күреседі және көмейдің және тыныс алу органдары жұмыстарын жандандырудың артикуляциялық аппаратының қызметтерін дұрыс белсенді жөндеуге, жайғауға көмектеседі.

*Салыстырмалы талдау әдісі.* Балаларға вокалдық жағынан тәрбие беру тәжірибесінде салыстырмалы талдау әдісі кеңінен қолданылады. Ол сабақтардың алғашқы күндерінен ақ қолданыста болады, балалар әншілік дыбысты: әдемі немесе әдемі емес деп бағалағанда өздерінің бастапқы эстетикалық бағаларын береді.

Салыстырмалы талдау әдісінің арқасында балалар тек тыңдауды ғана емес, соынмен қатар өздерін ести алуға үйренеді, бұл әншілікке оқыту үдерісінде өзін бақылау дағдыларын қалыптастырады. Ән айтушы өзін басқаларға қарағанда басқаша еститіні әйгілі. Міне, сондықтан өз дауысының естілуін салыстыруда берілген ұғыммен дыбысты салыстыру оқушыларға өз орындауының кемшіліктерін ашық естуге мүмкіндік береді. Демек, оқу үдерісінде білім алушылардың дауысын магнитофонға жазуды пайдалану дұрысырақ. Музыкалық елестету бірте-бірте саналы, тереңдетілген және әншілік дауыс сапасы туралы вокалдық-есту ұғымы нақтыланады және оның құрылу әдістері жақсартады және еске түсіріледі.

*Әншілікке оқыту үдерісінде балалардың арнайы қабілеттерін диагностикалау әдісі.* Білім алушылардың табысты дамуын диагностикалау тәсілін әзірлеу оқытуды оңтайландыру шарты болып табылады. Білім алушылардың табиғи вокалдық қабілеттері ең алдымен тыңдау және іріктеу кезінде алғашқы деңгей ретінде білінеді. Музыкалық даму деңгейін бағалау барысында әншілік дауыс сапасы, ырғақтық, интонация тазалығы, жоғарғы дыбыстық диапазон, орындайтын шығармаға деген эмоционалдық елгезектік бағаланады.

Барлық аталған әдістер бір-бірін толықтырып тұрады. Сонымен қатар бұған балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігіне сұранысын қанағаттандыратын әдіс ретінде музыка әуеніне қарай қимылдау да кіреді, ол сабақтағы олардың орныққан бір орында отырудан демалыс болып, сабақты түрлендіруге үлес қосып, музыкалық қызметке қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік береді (әнді орындау үдерісінде бейнелеу барысында әнді драматизациялау, ойындық іс-әрекеттер, ырғақты бейнелеу және жоғары дыбыс және т.б.). Әрбір әдіс міндеттер ортақтығы мен оларды шешу тұрғысын біріктіретін тәсілдер жүйесін көрсетеді.

Ән айтуға оқыту мазмұндары түрлеріндегі айырмашылықтар болса да, олардың бір-бірімен өзара байланысты екендігі айқын. Арнайы білімсіз вокалдық шеберлікті ұштау мүмкін емес. Шығармашылық қызмет алынған білім мен дағдылар негізінде жүзеге асырылады. Оқу үдерісінде мазмұнның барлық түрі бір жерге

топтастырылған. Оқыту тек білім алушылардың арнаулы білімге ғана емес, сонымен қатар тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыруға мүмкіндік беруге бағдарланған болуы тиіс.

Вокал бойынша педагог қызметтері келесі қағидаттарға сүйенеді:

*оқытудың бағдарлы қағидаты* (тәрбие және оқыту жұмысы, мұнда әрбір нақты педагогикалық міндет баланың педагогтің жан-жақты дамуы мақсатына жұмылдырылған; оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған жүйелі тәсіл);

*жүйелілік және бірізділік қағидаты* (білім, дағды және шеберліктер бір жүйеде, анықталған тәртіпте қалыптастырылады, оқу материалының әрбір жаңа элементі басқаларымен логикалық түрде байланыстырылады, кейінгісі алдыңғысына сүйенеді, жаңаны қабылдауға дайындайды);

*қолжетімділік қағидаты* (оқыту нақты оқу деңгейі мүмкіндіктеріне сүйене отырып құрастырылады, бұл білім алушылардың зияткерлік, дене, адами шамадан тыс тырысуын туғызады, ал ол білім алушылардың дене және психикалық денсаулығына кері әсерін тиізеді);

*көрнекілік қағидаты* (оқыту балалардың сезімдік тәжірибесіне сүйене отырып іске асырылады);

*оқытудың түрлі әдістері мен құралдарын үйлестіру қағидаты* (оқыту үдерісінде оқытудың түрлі әдістері қолданылады – оқу қызметтері мен бақылауға ынталандыру және уәждемелерін арттыру әдістері, ауызша, көрнекілік, репродуктивті және ізденушілік әдістер, оқытудың барлық құралдары);

оқыту нәтижелеріне қойылатын білім беру, тәрбиелеу және дамыту нәтижелерінің *беріктігі, саналылығы және әрекеттілік қағидаты* білім беркітігінің дәстүрлі қағидаттарынан гөрі аса жоғары талаптар қояды. Біріншіден, ол оқытудың тек білім беру беріктігін ғана емес, сонымен қатар тәрбие мен дамытудың тиімді болуын да көздейді. Екіншіден, бұл қағидат оқыту білім алуда саналылықты қамтамасыз етуді көздейді. Ақырында, үшіншіден, ол оқытуды білім, дағды, шеберліктің әрекеттілігін қамтамасыз етуге бағдарланған, сонымен қатар, мінез-құлық, тәртіп тәсілдерін де көздей отырып, олардың практикалық бағдарлануына, өмірлік мәселелерді шешуге қаратылғанын атап көрсетеді.

## Әдістемелік ұсынымдамалар

### Орындау мәнерімен жұмыс

Орындау мәнерімен жұмыс барысында жеке вокалдық ерекшеліктерін анықтау мен дамыту қажет, өйткені, эстрадалық

вокалдың негізгі айырмашылығы ең алдымен, вокалітің қайталанбас, ерекше, тез тани алатын дауысын іздеу мен қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге, өз бетінше стандарттық емес ойлау өзгешілігінің болуын көтермелеу (ырғақтық, музыкалық импровизация және т.б.), тек вокалдық-асқан шеберлікпен орындауға талпынысын дамытып қана қоймай, сонымен қатар бүтін көркем бейне құруға талпынысына да ынталандыру қажет – дауысқа ие болудан бастап пластика негіздері мен актерлық шеберлік, шығарманы орындауда стилін сезінуден әртістің сыртқы бет-келбеті мен сахнадағы тәртібіне дейін дамыту қажет.

### Дыбыс мінездемесімен, әртүрлі стиль мен жанрдағы фразирлеумен жұмыс

Эстрада синтетикалық жанр бола отырып, өзінде әртүрлі стиль мен бағыттардың белгілеріне ие. Мұны вокалдық партиямен жұмыс барысында ескерген жөн. Осы жерде сан алуан эстрадалық стилдерге тән вокалдық техникалық тәсілдің жалпы мәнмәтініне сауатты және нәзік түрде енгізілуі маңызды. Әсіресе, концерттер, альбомдар және т.б. эстраданың көрнекті шеберлерінің дыбыс- және бейне жазбаларын мақсатты түрде тыңдатуды ерекше атап көрсетуге болады.

Эстрадалық музыкадағы дауыс техникасының негізгі элементтері

Эстрадалық вокалда сан алуан бояулар мен тәсілдердің көптеген мөлшері қолданылады. Жұмыс барысында айқындалған сатылар мен кезеңдерді сақатау, сонымен қатар арнайы әдістерді пайдалану орындаушының музыкалық-шығармашылық ойлауын дамытуға көмектеседі, ал ол кәсіби музыканттарды, сондай-ақ, әуесқой музыканттарды да тәрбиелеудің басты міндеттері болып табылады. Дауыс техникасының көпшілікке барынша таныс элементтеріне фальцет, микст, глиссандо, кеңірдектік дыбыс шығаруды жатқызуға болады.

*Фальцет.* Эстрадалық фальцеттің академиялықтан басты айырмашылығы – ұстанымда (позициянда). Тегіс, тіпті «шығатын» ауамен бірге аздап басыңқы, тембрге жеңілдік пен ашық бояу беретін дыбыс шығару мәнсіз болып саналады. Эстрадалық фальцет түрлерінің бірі – ысқырық. Prince, Justin Timberlake сияқты орындаушылар фальцетті өте шебер меңгерген.

*Микст.* Бас және кеуде регистрлерін араластыру. Бұл тәсіл бәрінен бұрын диапазонның өтпелі ноталарын тегістеу үшін өзекті. Michael Jackson-да айқын көрінеді.

*Глиссандо (слайд).* Романс жанрынан келген мәнерлілік штрихы. Қазіргі эстрадалық музыкада R'n'B және поп-балладаларда неғұрлым жиі қолданылады. Глиссандоның бір түрі – дыбысты тарту. Бұл тәсілді қолдану мысалын Whitney Houston композицияларынан естуге болады.

*Көмейлік дыбыс шығару* (тамақтық, обертондық ән айтумен шатастырмау керек) тембрге ерекше бояу береді. Бүгінгі таңдағы ең танымал тәсілдердің бірі. Орындаудың осы техникасын Anastasia, Celine Dion, Shakira, Tony Braxton өзінің визит карточкасы етіп алды.

Жоғарыда аталған тәсілдердің әрқайсын дағдыландыру үшін жаттығулардың белгілі бір жүйесі талап етіледі. Техникамен жұмыс істеу кезінде міндетті түрдегі шарттардың бірі эстрадалық вокал бойынша маманның бақылауы болып табылады, өйткені жоғарыда келтірілген мысалдардың көбі дыбысты дұрыс шығармаған кезде дауыс желбезектері үшін зақымдағыш болуы, сондай-ақ дауыстың тембрлік бояуына келеңсіз әсер етуі мүмкін.

Шығармаларды сүйемелдеумен үйрені – фонограммамен айту  
Сүйемелдеудегі шығармамен жұмыс істеу оқушылардың алдына күрделі міндеттер қояды және бірнеше сатыдан өтеді:

Шығарманы талқылау: шығу тарихы, жанры және т.т. Болашақ орындаушыны шығарманың музыкалық түрін ғана емес, мазмұнын да талдай білуге үйрету керек.

Ноталар бойынша жұмыс істеу – сольфеджио айту, күрделі жерлерін әндетіп айту және т.т. Шығарманың мазмұнын жақсы дамыған есту қабілетінсіз, ырғақ пен фразалауды сезінусіз мүмкін емес, сондықтан да бұл элементтерді тәрбиелеуге өте үлкен маңыз беріледі.

Мәтінмен жұмыс істеу – бұл кезде тыңдарманға шығарманың нақты мазмұнын, идеясын жеткізуге көмектесетін мәтінмен, айқын, анық дикциямен, сөздерді көркем әрі әдемі айту үшін жұмыс істеуге үлкен көңіл бөлінеді.

Фонограммамен ән айту – дұрыс өнер көрсету, шумақтардың, қайырмалардың, бастаманың басталуы. Сонымен қатар фонограмманың сүйемелдеуін зейін қоя тыңдап, шығарма ырғағына ілесу. Орындаушының міндеті дұрыс айту, кешікпеу, созбау, нюанстарды, динамиканы сақтау.

Микрофонмен жұмыс істеуге шығарма жатталған кезде ғана кірісеміз, өйткені оқушыдан әнді еркін орындау, сипат бере айту талап етіледі. Микрофонмен жұмыс істеуді 1 сыныптан бастаймыз. Микрофонға айту оқушыдан өзін - өзі бақылауды талап етеді, ол өзін сырттан тыңдай және өз орындауын талдай білуі тиіс.

### Аппаратурамен жұмыс

«Эстрадалық вокал» пәнінің ерекшелігі. Аппаратурамен жұмыс жасай алуды көздейді: микрофонмен, музыкалық орталықтармен және т.б. жұмыс. Оқытудың барлық жылында электроқұрылғылармен жұмыста қауіпсіздік техникасы туралы әңгіме жүргізіледі. Қауіпсіздік

техникасы жөніндегі нұсқаулыққа музыкалық техникалық орталықтармен жұмыс жасау ережелері (музыкалық орталықтарды қосу/ажырату, CD-дискілер мен флэш-карталармен жұмыс, микрофондармен жұмыс техникасы және т.б.) енгізілген.

### Репертуар таңдау өлшемдері

Эстрадалық ән айту жеке орындаушылық мәнердің көптігімен ерекшеленетіндіктен, оқушының дауысы мен тембрі жағынан лайықты шығарманы таңдау, орындау мәнеріндегі даралығын табу керек. Оқушыларға олардың қабілеттеріне қарай саралау тұрғысынан қарауды жүзеге асыру, әрбір баланың физиологиясын нәзік сезіне білу қажет.

Мутациялық (өтпелі) кезеңде педагог өте абай және мұқият болуы тиіс. Мутация формалары әрқилы өтеді: біреуінде – жеңіл, біртіндеп, басқаларында айқын сезіледі (ән айту кезінде дауыс қарлығып қалады, бұлшық еттер тым тез шаршайды), дегенмен де, техникамен жұмыс істеуді тоқтатпаған жөн, ал репертуарды жеке дауыс ерекшеліктерін ескере отырып неғұрлым мұқият таңдаған жөн. Жасөспірімдік кезеңдегі балалардың музыкалық-әншілік даму заңдылықтарын білу, таңдап алынған репертуардың ықпалымен оқушылардың даму динамикасын алдын ала білу, оқу процесінде қазіргі замандағы музыкалық өмірдегі жаңа лепке икемді әрі толыққанды жауап бере білу қажет.

Шығармаларды таңдау – күрделі процес: бір жағынан, онда оқытушының педагогикалық және музыкалық тәжірибесі, мәдениеті шоғырланса, екінші жағынан, таңдаудың сипаты музыкалық материалдың өзіндік ерекшелігіне, оны игерушілердің ерекшеліктерімен байланысты. Шығарманы тембрлік жағынан талдау, яғни әншілік дыбысталудың сипатына, әнмен жұмыс істеу үдерісінде дауыстың тембріне қандай да бір әсер ете алатын мәнерлілік құралдарының ерекшеліктерін анықтау елеулі назар аударуға лайық.

Ән материалы көркемдік жағынан бағалы, ашық, мазмұны жағынан түсінікті, орындауға жеңіл және дамытушы сипатта болуы керек. 5 жыл бойы оқушылар қазақтың халық әндерін, Қазақстан композиторларының әндерін, сонымен қатар басқа халықтардың әндерін де түсінуге және жақсы көруге үйренеді. Халық әндері мен әлем халықтарының әндерін орындау арқылы музыкаға тарту балаларды олардың өзара байланысын көруге, интернационализм сезімін, елжандылық сезімін, Отанға деген сүйіспеншілігін тәрбиелейді, музыка құбылыстары туралы білімдерін тереңдетеді. Осы бағдарлама бойынша жұмыс істеу барысында балаларды жеке ән айтуға үйрету әдістерін жетілдіруге (болашақта – тиімді жүйе жасауға) бағытталған іздестіру жұмысы енгізілді.

Барлық вокалдық жұмыс оқушыға түсінікті материалмен жүргізілуі тиіс Репертуарды оқушының вокалдық қарымын ескеріп, оны біртіндеп күрделендіре отырып таңдаған жөн.

Оқушы шығарманың мимикамен, ыммен, костюммен, шаш үлгісімен, гриммен, сахналық жүріс-тұрыс нақышымен толықтырылатын және айқын көрсетілетін поэтикалық образын жасайды.

Концерттік репертуарды тек оқытушымен сыныпта өткен шығармалардан құрастыру қажет.

### Өз бетінше жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Орындау саласындағы негізгі шарттардың бірі өз шеберлігін үнемі жетілдіріп отыру болып табылады. Мұнда үй жұмысының – оқушының мектептен тыс атқаратын өз бетінше жұмысының маңызы ерекше. Үй жұмысы толық өзіндік жұмыс, педагогтің көмегінсіз болуы тиіс. Білім алушы қызметтің жаңа түрлерімен, яғни, өз қызметтерін ұйымдастыру дағдыларының жоғары деңгейі талап етілу қызметтері түйіседі.

Білім алушылардың өз бетінше үй жұмыстары шығарманы меңгерумен жұмысты жалғастыруды, сыныпта педагогтің жетекшілігімен басталған жұмысты жалғастыруды көздейді. Үй жұмысын орындау – орындау тетіктерімен жұмыс (таза интонация, әуеннің ырғақтық бояуы, серпін, нюанстау, тыныс алу, артикуляция және дикция), сонымен қатар шығармаларды жатқа білу мен орындау. Өз бетінше жұмысының жемісті және нәтижелі болуы үшін оқушыға өз күшімен игере алатын, әлі жететін үй жұмысына нақты, дәл ой тұжырымын алуы қажет, ол білім алушының күнделігіне енгізіледі. Келесідей үй жұмыстарының түрлерін ұсынуға болады: жаттауы тиіс әннің әуенді ойнау ноталарының атауы мен дирижирленуі, әуенді әртүрлі буында әндету, артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу гимнастикасы, өзінің аккомпанементінде ән айту және т.б.

Үй жұмысын жақсы ұйымдастыру үшін баланың тұратын орынын, оның ата-анасының музыкаға қатынасын білу керек.

Ата-аналарының баланың музыка мектептерінде білім алуны көзқарасы оның табыстарына айтарлықтай әсер етеді. Ата-аналар үйде вокалмен айналысу үшін лайықты жағдайлар жасауы қажет, оның жолдары:

музыкалық орталық, аспаптарды алу (фортепиано немесе синтезатор), концерттік костюмдер;  
мектептік және сыныптық концерттерге қатысуы;  
психологиялық қолдау.

## Ұсынылатын әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Заңы «Білім туралы» (2007ж.).
2. Абзелбаев М.Н. Культура сценической речи в сборнике научных трудов. / М.Н. Абзелбаев. – Ч., 1992.
3. Абзельбаев М.Н. Воспитание речевого дыхания актера: научно-методическая разработка. / М.Н. Абзелбаев. – А., 1988.
4. Аникеева З.И. Нарушения и восстановительное лечение голоса у вокалистов. / З.И. Аникеева. – Кишинёв: Штиинца, 1985. – 135 с.
5. Антонова Л.В. Особенности формирования певческой дикции: учеб. метод. пособие. / Л.В. Антонова. – Самара, 2009. – 110 с.
6. Апраксина О.А. Методика развития детского голоса: учебное пособие. / О.А. Апраксина. – М.: МПГИ им. В.И.Ленина, 1983. – 96 с.
7. Багадуров В.А. Очерки по истории вокальной методологии. / В.А. Багадуров. – М.: Музгиз, 1929. Ч. 1 – 248 е.; 1932. Ч. 2 – 320 е.; 1937. Ч.3. – 255 с.
8. Байсеркеұлы М. Сахна және актер: оқу құралы. / М. Байсеркеұлы. – А., 1993.
9. Белоброва Е.К. Техника эстрадного вокала [Электронный ресурс]/ Mylirage.– Режим доступа: <http://zvonkie-golosa.myliverpage.ru>, свобод. – Загл. с экран. – Яз. рус.
10. Бернд В. О пении и прочем умении. / В. Бернд. – М.: Аграф, 2002. – 224 с.
11. Берсигурова Ч.А. Современное искусство Казахстана»: проблемы и поиски. Сахна тілі - сөз өнері. / Ч.А. Берсигурова. – Алматы, 2002.
12. Варламов А.Е. Полная школа пения: учебное пособие. / А.Е. Варламов. – 3-е изд., испр. – СПб. Лань: Планета музыки, 2008. – 120 с.
13. Васильев Ю.А. Сценическая речь. / Ю.А. Васильев. – Спб. 2005.
14. Герасимова О.А. Мастерство шоумена: учебное пособие / О.А. Герасимова. – Ростов на Дону: Феникс, 2009.
15. Глинка М.И. Упражнения для усовершенствования голоса // Полное собр. соч. Т. 11. / подгот. Н.Н.Загорный. – Л.: Госмузиздат, 1963. – 113 с.
16. Гонтаренко Н.Б. Сольное пение: секреты вокального мастерства. / Н.Б. Гонтаренко. – Ростов н на Дону: Феникс, 2006. – 156 с.
17. Диневич Ю.В. Класс сольного пения: методика сознательного управления голосообразованием: учебное пособие. / Ю.В. Диневич. – Тула, 2005. – 60 с.
18. Дмитриев Л.Б. Основы вокальной методики. / Л.Б. Дмитриев. – 2-е изд. – М.: Музыка, 1996. – 368 с.

19. Егоров А.А. Гигиена голоса и его физиологические основы. / А.А. Егоров. – М.: Муз-гиз, 1962. – 172 с.
20. Емельянов В.В. Развитие голоса. Координация и тренинг. / В.В. Емельянов. – СПб.: Лань, 2000. – 192 с.
21. Заринская М.Ф. Работа над звучанием детского хора / М.Ф. Заринская // Воспитание и охрана детского голоса / под ред. В.А.Багадурова. — М.: АПН РСФСР, 1953.1. С. 7–42.
22. Заседателев Ф.Ф. Научные основы постановки голоса. / Ф.Ф. Заседателев. – 4-е изд., испр, и дополн. – М.: Госмузиздат, 1937. – 116 с.
23. Зданович А.П. Некоторые вопросы вокальной методики. / А.П. Зданович. – М.: Музыка, 1965. – 147 с.
24. Исаева И. Эстрадное пение: экспресс-курс развития вокальных способностей / И. Исаева. – М.: АСТ: Астрель, 2008.
25. Коваль Л.М. Имидж эстрадного певца [Текст] /Л.М.Коваль //Вопросы музыкально-педагогического образования. Сборник научно-методических статей кафедры пения и хорового дирижирования МПГУ выпуск 1, – 2012. – М.: Логопринт. – С. 111–113.
26. Коваль Л.М. Методологические основы вокального обучения: характеристика современных подходов [Текст] /Л.М.Коваль // Человеческий капитал. Научно-практический журнал. – 2010. – № 7 (19) М.: Российский государственный социальный университет. – С.95–97.
27. Коваль Л.М. Некоторые методические рекомендации к преподаванию эстрадного вокала [Текст] /Л.М.Коваль // Вопросы совершенствования профессиональной подготовки педагога-музыканта. –2005. – Выпуск 11. – М.: Изд-во типография МПГУ. – С. 99 – 101.
28. Кочнева, И. Вокальный словарь / И. Кочнева, А. Яковлева. – Ленинград: Музыка, 1986.
29. Қабдоллов З. Сөз өнері. / З. Қабдоллов. – Алма-Ата: Мектеп, 1976.
30. Лаптева Е.В. 600 упражнений для развития дикции. / Е.В. Лаптева. – М.: Астель: Профиздат, 2007.
31. Линклэйтер К. Освобождение голоса. –Готис, 1993. – 117 с.
32. Лебедева Н.Ф. Различные отклонения от нормы, мешающие правильному голосообразованию: стробоскопическая и хронаксиметрическая картины при фонации / Н.Ф. Лебедева // О детском голосе. – М.: Просвещение, 1966. – С. 38–43.
33. Левидов И.И. Охрана и культура детского голоса. / И.И. Левидов. – М., Л.: Музгиз, 1939. –221 с.
34. Левидов И.И. Певческий голос в здоровом и больном состоянии. / И.И. Левидов. – Л.: Искусство, 1939. – 256 с.
35. Лысек Ф. Мутация / Ф.Лысек. // Развитие детского голоса: материалы науч. конф. по вопросам вокально-хорового воспитания

детей, подростков и молодёжи 26-30 марта 1961 года: сб. ст. / под ред. В.Н.Шацкой. – М.: АПН РСФСР, 1963. – С. 284–291.

36. Малахов А. Современные дыхательные методики. / А. Малахов. – Донецк, 2003.

37. Малинина Е.М. Вокальное воспитание детей. / Е.М. Малинина. М.: Музыка, 1967.

38. Малинина Е.М. Смена голоса у мальчиков и девочек в переходном возрасте / Е.М. Малинина. // Воспитание и охрана детского голоса. / под ред. В.А.Багадунова. – М.: АПН РСФСР, 1953. – С. 42–63.

39. Малышева Н.М. О пении. / Н.М. Малышева. – М.: Советский композитор, 1988. – 137 с.

40. Мастерство актера в терминах и определениях К.С.Станиславского. – М.: Советская Россия, 1961.

41. Морозов В.П. Искусство резонансного пения. Основы резонансной теории и техники. / В.П. Морозов. – М.: МГК им. П.И.Чайковского, ИП РАН, Центр «Искусство и наука», 2002. – 496 с.

42. Назаренко И.К. Искусство пения. / И.К. Назаренко. – М.: Музыка, 1968. – 622 с.

43. Огородное Д.Е. Музыкально-певческое воспитание детей в общеобразовательной школе. / Д.Е. Огородное. – JL: Музыка, 1972. – 150 с.

44. Омарбаева М.С. Особенности работы над дикцией и орфоэпией в театральном ВУЗе: методическая разработка. / М.С. Омарбаева. – А., 1985.

45. Риггс С. Как стать звездой. / С. Риггс. Сост. Guitarcollege. - М., 2000.

46. Романова Л.В. Школа эстрадного вокала. / Л.В. Романова. – Спб. Планета музыки, 1997.

47. Савостьянов А. И. 300 упражнений учителю для работы над дыханием, голосом, дикцией, орфоэпией: учебно-практическое пособие. / А. И. Савостьянов. – М.: Педагогическое общество России, 2005.

48. Садовников В. Орфоэпия в пении. / В. Садовников. – М.: Музгиз, 1958. – 80 с.

49. Самолдина С.А. Современные методы развития вокального мастерства учащихся. / С.А. Самолдина // Журнал. Концепт. Выпуск № 520. 2015.

50. Стулова Г.П. Развитие детского голоса в процессе обучения пению. / Г.П. Стулова. – М.: Прометей, 1992.

51. Тұранкулова Д.Т. Көркемсөз оқу шеберлігі. / Д.Т.Тұранкулова. – А., 2001.

52. Тұранкулова Д.Т. Сахна тілі. / Д.Т.Тұранкулова. – Алматы: 2004.

53. Тұранкулова Д.Т. Сырлы сөз – сахна сәні. / Д.Т.Тұранкулова. – А., 2003.
54. Тұранқұлова Д.Т. Сахна тілі: оқу құралы. / Д.Т.Тұранкулова. – А., 1999.
55. Фант Г. Акустическая теория голосообразования. / Г. Фант. – М.: Наука, 1964.
56. Ховард Э. Техника пения: вокал для всех [Текст] / Э. Ховард, Х. Остин.- М., 2009. - Электрон. изд.- 1 электрон. опт. диск.
57. Чаплин В.Л. Физиологические основы формирования певческого голоса в аспекте регистровой приспособляемости. / Чаплин В.Л. – М.: Информбюро, 2009. – 180 с.
58. Шамшева Т.Е. Особенности нарушения голосовой функции у профессиональных певцов при фонастении: автореф. дис.. канд. мед. наук. / Шамшева Т.Е. – Л., 1966. – 26 с.
59. Щетинин М. Дыхательная гимнастика Стрельниковой. / М. Щетинин. – М.: ФИС, 2000.
60. Юишанов В.И. Вокальная техника и её парадоксы. / В.И. Юишанов. – СПб.: Деан, 2001. – 128 с.
61. Юссон Р. Певческий голос / пер. с франц. / Р. Юссон – М.: Музыка, 1974. – 262 с.
62. Яковлева А.С. Искусство пения: исследовательские очерки, материалы, статьи. / А.С. Яковлева. – М.: ИнформБюро, 2007. – 480 с.

#### Ноталық жинақтар

1. Абай әндері. – Алматы: Өнер, 1994.
2. Абт Ф. Полное собрание вокализов.
3. Балаларға арналған әндер жинағы. – Алматы, 2013.
4. Балауса әуендері: балалар мен жеткіншектер әндері. – Қарағанды, 2006.
5. Бисенова Г. Песенное творчество Абая. / Г. Бисенова. – Алматы: Дайк – Пресс, 2014.
6. Борамбаева К., Қорғанбекова Ш. Сазды әлем: балаларға арналған әндер жинағы. / К. Борамбаева, Ш. Қорғанбекова. – Астана, 2015.
7. Борков В. Вокализы.
8. Ваккаи Н. Вокализы.
9. Глинка М. Упражнения, вокализы, сольфеджио.
10. Досмаганбет А. Чудесная карусель: детско-юношеский вокально-хоровой альбом. / А. Досмаганбет. – СПб. 2003.
11. Ән қанатында: балалар әндері. – Караганда, 2004.
12. Зейдлер Г. Искусство пения. Часть I
13. Қалдаяков Ш. Менің Қазақстаным. / Ш. Қалдаяков. – Алматы: Өнер, 1981.

- 14.КонконеДж. Избранные вокализы
- 15.Қонытбаев Т. Елім - ай. / Т. Қонытбаев. – Алматы: Өнер, 1994.
- 16.Маханбетова А. Әнші болғым келеді. / А. Маханбетова. – Алматы: Өнер, 2012.
- 17.Мельникова Л. Фестиваль: сборник песен для детей и юношества. / Л. Мельникова. – Караганда, 2005.
- 18.Панофка Г. Искусство пения: теория и практика для всех голосов / под общей ред. Е.Н.Артемяевой, пер. с итал. Р.Н.Арской. – М.: Музыка, 1968. – 216 с.
- 19.LutgenB. Vocalises.
- 20.Marchezi M. Elementary progressive exercises for the Voice.
- 21.Marchezi M. Twenty-Four vocalises Soprano or Mezzo-Soprano.
- 22.Rossini G. Vocalizations.
- 23.Балдәуренге базарлық: балаларға арналған әндер жинағы. / под общей ред. Тналин М., Канапиева С. – Астана, 2008.

## Пояснительная записка

Пение является одним из наиболее общедоступных форм художественной деятельности людей. Певческое искусство обладает мощными выразительными средствами и способно доставлять слушателям высокое эстетическое наслаждение. Наряду с этим пение является важным средством роста музыкальной и общей духовной культуры подрастающего поколения, формирования гражданского самосознания, эстетического мировоззрения и художественного вкуса, неотъемлемой частью и основой музыкального образования и воспитания детей.

Эстрадное пение, как самостоятельное явление художественной культуры, занимает особое место в современной музыке и вызывает у детей огромный интерес. Успеху этого жанра способствуют доступность широкому кругу слушателей, экспрессивность образов, простота, художественная ясность, концентрированность и лаконичность эстрадных номеров, формирование и укрепление позитивного эмоционального тонуса зрителя. Эстрадное пение в силу своего синкретизма создает условия для вовлечения учащихся в разнообразную музыкально-творческую деятельность, открывая богатые перспективы для развития музыкально-исполнительских, хореографических, артистических способностей учащихся, способствуя формированию активности эстетического восприятия, творческого воображения, эмоционального переживания.

Эстрадная музыкальная культура, в ее лучших проявлениях, как атрибут современного музыкального искусства, опираясь на стремительный прогресс компьютерных технологий, изобретение новых музыкально-цифровых технологий, звукозаписывающих устройств («караоке», фонограммы «минус голос», микрофоны и др.) раскрывает неограниченные возможности для обучения пению и существенно расширяет возможности музицирования.

Вокальная эстрада является на современном этапе также наиболее массовым видом музыкального творчества и занимает ведущие позиции во внеклассной деятельности организаций образования. Наряду с этим обучение эстраднему пению расширяет представления обучающихся о мире, обществе и людях, облегчая процесс прохождения ребенком социальной адаптации, помогает ему в сложном и неоднозначном процессе самосознания, развивает его коммуникативные способности, дает возможность самореализации, жизненного самоопределения.

Образовательная программа по предмету «Эстрадный вокал» предназначена для детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств (с 5-7 летним сроком обучения).

Образовательная программа составлена на основании Типового учебного плана и образовательных программ детских музыкальных школ, детских художественных школ и детских школ искусств по специальности «Вокальный класс (пение)».

Образовательная программа «Эстрадный вокал» направлена на комплексное развитие личности обучающегося, формирование умений певческой деятельности, совершенствование специальных вокальных навыков, координацию деятельности голосового аппарата с основными свойствами певческого голоса и развитие слуховых навыков.

Цель образовательной программы:

духовное и музыкальное развитие обучающихся, приобщение детей к основам мировой музыкальной культуры, творческое развитие обучающихся через практическое освоение основ исполнительского мастерства, формирование вокально-исполнительских умений и навыков.

*Дидактические задачи:*

создание представлений о певческом искусстве, как о целостном, исторически развивающемся явлении;

